



Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1] Баспасөз релиздері
- 2] Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 3] Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 11] Экономиканың нақты секторының 2012 жылғы 4-тоқсандағы конъюнктуралық-қаржылық шолуы
- 24] Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жегібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



ТОО "АСЫЛ КІТАП" БАСПА ҮЙІ

Республика Казахстан
050009, г. Алматы, пр. Абая 143, офис 102
E-mail: asylkitap@mail.ru
Тел.: +7 727 3944167
+7 701 727 0394

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 2 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 2013 жылғы 30 қаңтар

Балаларға арналған білім беру жобаларын таныстыру туралы

2013 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру шеңберінде жүзеге асыратын балаларға арналған білім беру жобаларының таныстырылу рәсімі өтті.

Қазақстан үшін өзекті және маңызды міндеттердің бірі қаржылық тұрғыдан сауатты, білімді, қаржы құралдарының әр түрлілігін айыра алатын әрі оны жинақтау, өз капиталын ұлғайту мен сақтау үшін пайдалана алатын жастарды тәрбиелеу болып табылады. Бұған кішкентай кезінен бастап дарытылуы қажет экономика және қаржы бойынша тиісті білім болған кезде мүмкіндік болады.

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі 2013 жылы білім беру жобаларын іске асыруды жалғастырады.

«Ұлан» және «Дружные ребята» республикалық балалар басылымдарында қаржы тақырыбындағы қосымшаларды шығару Теңгегүл және оның достары Тиынбек, Тиынтай және Алдаржанның 2012 жылы басталған түрлі оқиғаларының сериясын жалғастырады. 2013 жыл бойы балалар басылымдарының оқырмандары экономика негіздерін үйренеді, осы жоба шеңберінде өткізілетін конкурстарға, викториналарға белсенді түрде қатыса алады. Әрбір шығарылымның материалдарын қызықты ұсыну, оқытудың ойын түріндегі нысаны, әдемі безендірілуі жас оқырмандардың еліміздің қаржы жүйесінің құрылымы туралы негізгі түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларға арналған тағы да бір білім беру жобасы – тележурналдың белгілері бар «Қызықты қаржы» атты мемлекеттік және орыс тілдеріндегі танымдық телевизиялық бағдарлама. Бағдарламаның әрбір шығарылымы қаржы тақырыбы бойынша бір тақырыпқа арналатын болады. Бағдарлама «бағдарлама-зерттеу» қағидаты бойынша құрылды. Бұл бағдарлама көрерменді талқыланатын тақырыппен таныстырады, балалардың қаржы туралы сұрақтарына жауап береді, ойындар мен көрнекі құралдардың көмегімен оларға қарапайым, негізгі идеяларды түсіндіреді. Сценарий бойынша әрбір шығарылымда жүргізуші-балалар бүкіл сұрақтардың жауабын білетін ересек тәлімгердің көмегімен бағдарламаның тақырыбын жан-жақты талдайды.

Аталған балалар жобаларының негізгі міндеттері: экономика негіздерін үйрету, балалар аудиториясында ақшаға ұқыпты қарау (үнемдеу) идеяларын танымал ету, қарапайым әрі түсінікті тілде қаржы мен экономиканың негізгі ұғымдарын түсіндіру, нарықтың негізгі құралдары туралы бастапқы дағдылар мен білімді қалыптастыру. Негізгі мақсатты аудитория – 6-14 жас аралығындағы балалар.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704-639,
+7 (727) 2596 833; E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*

Шетел валюталарының 2013 жылғы ресми айырбастау бағамдары


	18.01	19-21.01	22.01	23.01	24.01	25.01	26-28.01	29.01	30.01	31.01	Қағар
Австралия доллары	AUD	158,67	158,41	159,12	159,1	158,34	157,62	156,64	157,7	157,43	158,29
Ағылшын фунт стерл.	GBP	241,54	239,1	238,62	238,94	238,77	238,34	237,02	237	237,33	240,67
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
Бразилия реалы	BRL	73,84	73,88	73,82	73,84	74,05	74,3	74,24	75,59	75,96	63,13
Венгер форингі	HUF	0,69	0,69	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,69	0,68
1 Гонконг доллары	HKD	19,45	19,44	19,44	19,45	19,44	19,44	19,42	19,44	19,44	16,53
Дат кронасы	DKK	26,97	26,86	26,94	26,87	26,91	27,15	27,14	27,2	27,33	26,85
Дихрам ОАЭ	AED	41,06	41,02	41,04	41,06	41,03	41,05	41,01	41,06	41,06	41,04
АҚШ доллары	USD	150,8	150,65	150,72	150,79	150,7	150,76	150,64	150,81	150,82	150,73
Еуро	EUR	201,21	201,19	201,06	200,54	200,79	202,55	202,45	202,9	203,82	200,28
Канада доллары	CAD	152,85	151,9	151,8	152,13	150,76	150,34	149,24	150,13	150,47	151,99
Қытай юаны	CNY	24,26	24,22	24,23	24,25	24,24	24,24	24,21	24,23	24,25	24,23
Кувейт динары	KWD	536,27	535,43	535,61	535,29	534,78	535,37	535,7	536,5	535,96	535,57
Қырғыз сомы	KGS	3,18	3,17	3,17	3,17	3,16	3,16	3,15	3,16	3,16	3,17
Латвия латы	LVL	288,67	287,59	288,57	287,6	287,76	290,03	290,03	290,58	291,95	287,26
Литва литі	LTL	58,3	58,08	58,24	58,1	58,17	58,68	58,65	58,77	59,05	58,02
Малазия рингиті	MYR	50,02	49,65	49,58	49,58	49,57	49,54	49,5	49,01	48,94	42,23
Молдова лейі	MDL	12,45	12,49	12,51	12,47	12,45	12,46	12,45	12,51	12,51	12,47
Норвег кронасы	NOK	27,14	26,93	26,98	27,05	27,11	27,34	27,2	27,27	27,42	27,11
Польша злотыйы	PLN	48,93	48,19	48,19	48,24	48,04	48,45	48,38	48,43	48,74	48,46
Сауд Аравиясының риалы	SAR	40,21	40,18	40,19	40,21	40,19	40,2	40,17	40,21	40,22	40,20
Ресей рублі	RUB	4,98	4,97	4,99	4,99	5	5,03	5	5,01	5,02	4,99
СДР	XDR	231,96	231,51	231,59	231,77	231,63	231,31	231,41	231,65	231,74	231,45
Сингапур доллары	SGD	123,34	122,49	122,89	122,92	122,78	122,68	121,54	122,01	121,96	122,77
Тәжік сомониі	TJS	31,69	31,66	31,67	31,69	31,67	31,68	31,66	31,69	31,69	31,68
1 түрік лирі	TRY	85,73	85,82	85,46	85,15	85,26	85,51	85,16	85,24	85,35	85,15
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08
Украин гривнасы	UAH	18,61	18,59	18,6	18,6	18,59	18,6	18,51	18,52	18,53	18,62
Чех кронасы	CZK	7,89	7,85	7,86	7,84	7,85	7,93	7,91	7,92	7,97	7,85
Швед кронасы	SEK	23,23	23,21	23,14	23,11	23,18	23,32	23,31	23,53	23,72	23,22
Швейцар франкі	CHF	161,61	160,64	161,82	162,14	162,01	162,56	162,38	163,25	163,81	162,89
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	17,22	17,06	17,06	16,97	16,7	16,78	16,87	16,63	16,68	17,19
100 Оңтүстік Корея воны	KRW	14,26	14,25	14,18	14,15	14,12	14,03	13,78	13,93	13,9	14,15
1 жапон йенасы	JPY	1,7	1,68	1,7	1,71	1,69	1,66	1,66	1,67	1,65	1,70

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
03.01-04.01	150,37	150,47	0,07	114,05
08.01-11.01	150,93	150,83	0,24	679,90
14.01-18.01	150,80	150,81	-0,01	758,55
14.01.2013	150,92	150,97	0,03	106,70
15.01.2013	150,91	150,86	-0,03	133,65
16.01.2013	150,85	150,79	-0,04	167,50
17.01.2013	150,70	150,80	0,07	153,90
18.01.2013	150,80	150,72	-0,05	196,80
21.01-25.01	150,70	150,77	-0,03	992,35
21.01.2013	150,65	150,75	0,07	92,80
22.01.2013	150,67	150,77	0,07	163,80
23.01.2013	150,72	150,89	0,11	255,80
24.01.2013	150,79	150,75	-0,03	235,40
25.01.2013	150,70	150,66	-0,03	244,55


* - өткен кезеңге өзгерістер.



2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржымінің МБҚ				
26.11-30.11	0.5	50.6	5.58	2.6
04.12-07.12	3.4	56.3	6.00	13.2
10.12-14.12	3.1	56.4	5.37	12.3
19.12-21.12	0.3	52.0	6.70	1.4
24.12-29.12	0.7	20.5	6.35	2.0
03.01-04.01	-	-	-	-
08.01-11.01	2.3	79.5	5.58	18.0
14.01-18.01	1,4	41,29	3,13	14.4
21.01-25.01	2,2	36,01	6,52	18.0
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
26.11-30.11	-	-	-	-
04.12-07.12	-	-	-	-
10.12-14.12	0.30	100	1.51	15.1
19.12-21.12	0.30	100	1.07	15.1
24.12-29.12	0.35	100	1.82	17.7
03.01-04.01	0.25	100	1.05	5.0
08.01-11.01	-	-	-	-
14.01-18.01	0,32	100	1.05	6.5
21.01-25.01	-	-	-	-



Айналыстағы мемлекеттік багалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржыминінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
16.11.12	3 013 609,34	2 089 984,83	570 772,17	89 810,47	263 041,87
23.11.12	3 008 005,43	2 094 015,20	561 137,75	89 810,47	263 041,87
30.11.12	3 112 600,37	2 197 304,71	562 443,27	89 810,47	263 041,87
07.12.12	3 064 668,55	2 210526,79	547 443,26	77 864,61	228833,89
14.12.12	3 094 060,32	2 210526,79	572 839,13	80 816,61	229877,78
21.12.12	3 112 637,01	2 214042,75	572 839,13	80 816,61	244 938,52
29.12.12	3 091 265,03	2 237571,87	586 778,14	80 816,61	186 098,41
04.01.13	3 085 280,63	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	180 114,01
11.01.13	3 089 820,30	2 237 571,87	604 812,84	67 321,57	180 114,01
18.01.13	3 110 711,95	2 237 571,87	609 507,67	77 030,31	186 602,10
25.01.13	3 092 809,04	2 255 618,67	609 507,67	77 030,31	150 652,39

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
21.01.2013	1,983
22.01.2013	1,967
23.01.2013	2,031
24.01.2013	1,993
25.01.2013	1,994
<i>эмиссия басынан бері</i>	-5,643
<i>апта үшін</i>	0,011




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %
14.01-18.01	212,7	2 722,6	37,3	370,4	67,1	34,1
21.01-25.01	262,3	3 056,9	12,3	449,8	73,4	9,3

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі



5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Индекс	18.01.2013	25.01.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
Dow Jones	13 649,70	13 895,98	1,80%	37,08%
Nikkei 225	10 913,30	10 926,65	0,12%	3,64%
DAX	7 702,23	7 857,97	2,02%	52,28%
FTSE	6 154,41	6 284,45	2,11%	20,89%
Hang Seng	23 601,78	23 580,43	-0,09%	106,27%

Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	18.01.2013	25.01.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	90,09	90,91	0,91%	-30,66%
GBP/USD	1,5866	1,5802	-0,40%	8,88%
EUR/USD	1,3320	1,3464	1,08%	52,05%
USD/RUR	30,34	30,16	-0,59%	-1,08 %

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		18.01.2013	25.01.2013	кезең үшін	2001 ж. жел. бастап.
алтын	тр.ун.	1684,3	1658,7	-1,52%	499,57%
мыс	метр.тонна	8 035,8	7 997,8	-0,47%	447,62%
мырыш	метр.тонна	2 016,8	2 066,3	2,45%	167,82%
мұнай	баррель	112,97	114,69	1,52%	464,98%
астық	тонна	290,73	285,5	-1,80%	183,07%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)
10.12.12-14.12.12								
KZT	27 000 000	0,70	500 000	6,00	0	0	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 247 200	0,07	58 384	0,21
EURO	0	0,00	0	0,00	4 500	3,25	19 000	3,10
RUR	0	0,00	0	0,00	2 441 000	5,54	0	0,00
17.12.12-21.12.12								
KZT	17 720 000	0,91	0	0,00	1 000 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	100	0,00	2 366 824	0,06	407 000	0,55
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 151 000	5,86	0	0,00
24.12.12-29.12.12								
KZT	49 120 000	0,75	1 300 000	0,75	6 120 000	8	0	0,00
USD	41 000	0,90	0	0,00	1 237 769	0,06	685 990	0,55
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	5 282 500	5,34	0	0,00
31.12.12-04.01.12								
KZT	137 800 000	0,65	5 000 000	1,24	900	1	0	0,00
USD	1 000	0,35	0	0,00	1 006 471	0,13	5 586	6,99
EURO	0	0,00	0	0,00	29 000	0,20	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00


*- мың валюта бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(мың валюта бірлігі)	% *		
10.12.12-14.12.12					
USD	630 576	469 540	74,5	150,40	150,42
RUB	152 679	139 950	91,7	4,90	4,90
EUR	5 235	5 235	100,0	195,81	195,81
17.12.12-21.12.12					
USD	1 865 276	1 786 781	95,8	150,59	150,60
RUB	42 211	25 500	60,4	4,91	4,90
EUR	2 972	2 972	100,0	199,26	199,26
24.12.12-28.12.12					
USD	578 964	488 356	84,3	150,41	150,41
RUB	142 208	129 200	90,9	4,93	4,93
EUR	1 695	1 695	100,0	198,87	198,87
29.12.12-04.01.13					
USD	116 551	100 000	85,8	150,59	150,59
RUB	0	0		0,00	0,00
EUR	6 835	6 835	100,0	196,56	196,56


* резидент банктердің мәмілелерінің мәмілелердің жалпы көлеміне үлес салмағы



**Экономиканың нақты секторындағы экономикалық конъюнктураның,
инвестициялық климаттың және қаржы-экономикалық жай-күйінің өзгеруі
2012 ж. 4-тоқсанда (нақты) және 2013ж. 1-тоқсанда (күтулер)**


1. Шаруашылық жүргізудің жалпы жағдайының және олардың факторларының конъюнктурасы
1.1. Валюта бағамының ықпалы

Валюта бағамы өзгерісінің кәсіпорындардың 2012 жылғы 4-тоқсандағы шаруашылық қызметіне ықпалы



2012ж. 4-тоқ. теңгенің АҚШ долларына, еуроға және ресей рубліне өзгерісінің шаруашылық қызметіне теріс әсерін бастан кешірген кәсіпорындардың үлесі төмендеді (тіісінше 14,7%, 11,2% және 11,8%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі теңгенің осы валюталарға бағамының шаруашылық қызметке әсерін байқаған жоқ (тіісінше 61,7%, 64,7% және 64,2%).


1.2. Айналым қаражатын қаржыландыру көздерін бағалау



2012ж. 4-тоқ. банктердің кредитін айналым қаражатын толықтыру үшін пайдаланған кәсіпорындар саны төмендеді (16,0%-ға дейін). Кәсіпорындардың көпшілігі (83,1%) осы мақсатқа меншік қаражатын пайдаланады.

1.3. Инвестицияларды қаржыландыру көздерін бағалау


2012ж. 4-тоқ. инвестициялар үшін банктердің кредитін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі аздап өсті (6,1%-ға дейін), алайда тұтастай алғанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі біршама төмендеді: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі аздап ұлғайды (33,8 дейін).



1.4. Кәсіпорындардың банктердегі депозиттері көлемінің өзгеруі

Депозиттер көлемін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру


№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2012-2	2012-3	2012-4	2013-1 күту
1	Ұлғаюы	3,9	3,7	4,3	2,9
2	Өзгерістер жоқ	9,4	9,0	9,5	9,0
3	Төмендеуі	2,6	2,1	3,0	1,8
4	Салған жоқ	84,0	85,3	83,3	81,6
5	Салды (1 жол+2 жол+3 жол)	15,8	14,7	16,7	13,7
6	Диффузиялық индексе *	50,6	50,8	50,7	50,5



2012ж. 4-тоқ. кәсіпорындардың банктердегі депозиттерінің әлсіз өсуі байқалды. 2013ж. 1-тоқ. осы үрдістің жалғасуы күтіледі.


*8-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

II. Банк жүйесінің экономиканың нақты секторына ықпалы
2.1. Ағымдағы тоқсанда кредит алуға ниет



Кәсіпорындардың банктердің кредиттеріне қажеттілігі тұтастай алғанда экономика бойынша аздап ұлғайды. 2013ж. 1-тоқ. кредит алуға ниетті кәсіпорындардың үлесі 22,6% (2012ж. 4-тоқ. 22,1%) болды. Өңдеу өнеркәсібіндегі қажеттілік жоғары – 27,6% (29,2% – 2012ж. 4-тоқ.), өндірі саласында төмен – 17,2% (19,1% – 2012ж. 4-тоқ.) болды.


2.2. Кәсіпорындардың банк қызметіне сұранысын қанағаттандыру дәрежесі



2012ж. 4-тоқ. тұтастай алғанда нақты сектор бойынша банктерден кредит алған кәсіпорындардың үлесі аздап ұлғайды: (2012 ж. 3-тоқ. 19,9%-дан 20,4%-ға дейін), өңдеу өнеркәсібі – 26,2%, (2012 ж. 3-тоқ. 27,6% болды), өндіру өнеркәсібі – 14,2% (2012 ж. 3-тоқ. 13,4% болды).


2.3. Кредиттердің қолжетімділігі

Кредиттердің қолжетімділігі жақсару үстінде. 2013ж. 4-тоқ. банкке кредит алуға өтінш берген және оны алмаған кәсіпорындардың үлесі 2,9%-ға дейін азлап төмендеді (2012 ж. 3-тоқ. 3,0%). Ірі кәсіпорындар бойынша көрсеткіш 2,2%-ға дейін төмендеді (2012 ж. 3-тоқ. 3,4%), шағын және орта бойынша (бұдан әрі - ШОБ) - 3,1-ға дейін өсті (2012 ж. 3-тоқ, 2,8). Алайда осы өсу 2008 ж. бастап ШОБ үшін кредиттердің қолжетімділігін жақсарту үрдісін әзір бұзған жоқ, бұл суретте көрсетілген.




- 8-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

2.4. Банктердің кредиттері бойынша кәсіпорындардың берешегі



2012 ж. 4-тоқ. кредиттер бойынша берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, аздап төмендеді (2012ж. 3-тоқ.38,3%-дан 37,7%-ға дейін). Берешектің көп бөлігі өнеркәсіп (15,7%), сауда (9,0%) және құрылыс (4,5%) кәсіпорындарына тиесілі.

2.5. Кредиттеу талаптары:



2012ж. 4-тоқ. теңгемен және шетел валютасымен кредиттер бойынша орташа пайыздық ставка төмендеді (тиісінше 12,1% және 9,9% дейін). Кәсіпорындар үшін тиімді теңгемен кредиттер бойынша пайыздық ставкалар 9,0%, шетел валютасымен кредиттер берудің орташа мерзімі ұлғайды (2012 ж. 3-тоқ. 26,5 айдан 29,3 айға дейін).

2.5.1 Салаларға қатысты алынған кредиттер бойынша орташа пайыздық ставкалар

Экономиканың негізгі салалары	теңгемен							шетел валютасымен				
	2010	2011	2012-1	2012-2	2012-3	2012-4	2010	2011	2012-1	2012-2	2012-3	2012-4
Экономика бойынша	14,6	13,3	12,7	12,4	12,3	12,1	12,8	11,1	10,7	10,5	11,0	9,9
Ауылшаруашылығы, аң аулау, орман шаруашылығы	13,6	12,5	12,9	11,2	11,0	11,3	14,5	-	10,0	14,2	12,4	7,5
Өндіруші өнеркәсіп	14,6	11,5	12,9	11,5	11,0	11,3	10,9	10,3	9,6	9,6	9,1	9,4
Өңдеуші өнеркәсіп	14,3	13,0	12,2	12,2	11,8	11,9	12,4	10,6	10,5	10,3	10,7	9,6
Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу												
Құрылыс	15,4	14,0	13,6	12,9	13,2	12,8	12,8	12,3	12,8	12,8	13,5	12,1
Сауда	14,7	13,7	12,9	12,5	12,7	12,2	13,7	12,2	11,0	10,7	11,9	10,9

2012 ж. 4-тоқ. теңгемен алынған кредиттер бойынша ең төменгі орташа пайыздық ставкалар ауылшаруашылығы және өндіру өнеркәсібі салаларында (11,3%), ал шетел валютасымен – ауылшаруашылығында (7,5%) болды. Ең жоғарғысы – құрылыста болды (тіпсіне, теңгемен – 12,8% және шетел валютасымен – 12,1%).


- 8-беттегі әдіснамалық түсінікті қараныз

III. Дайын өнімге, шикізатқа және материалдарға сұраныстың және бағаның өзгеруін бағалау

3.1. Кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс конъюнктурасы (ДӨ)

Дайын өнімге сұраныстың деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

№	Кәсіпорындардың жауаптары, %	2012-2	2012-3	2012-4	2013-1 күту
1	Ұлғаюу	28,2	28,7	24,7	17,1
2	Өзгермеуі	55,6	55,7	54,2	46,2
3	Төмендеуі	15,8	15,1	21,0	15,2
4	1-жол-3-жол	12,4	13,6	3,8	2,0
5	ДӨ-ге сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі *	56,2	56,8	51,9	51,0




2012ж.4-тоқ. кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс едәуір баяулады, бірақ өсу саласында қалды, мұны диффузиялық индексі (ДИ) растайды, ол 51,9 дейін (2012ж. 3-тоқ.56,8-дан) төмендеді. Ірі кәсіпорындардың сұраулары тұтастай алғанда экономика бойынша сұраныстан жоғары. 2013ж. 1-тоқ. сұраныстың әліс өсуі күтіледі.

3.2. Кәсіпорындардың дайын өнімінің бағасының өзгеруі (Тұтыну өнімі және қызметтің өнім берушілерін таңдау)

Дайын өнім бағасының деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

№	Кәсіп. жауаптары, %	2012-2	2012-3	2012-4	2013-1 күту
1	Ұлғаюу	19,3	27,6	26,6	26,3
2	Өзгермеуі	72,6	66,5	67,8	56,1
3	Төмендеуі	7,9	5,4	5,6	2,5
4	1-жол-3-жол	11,4	22,2	21,0	23,9
5	ДӨ-ге сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі *	55,7	61,1	60,5	61,9




Тұтыну өнімі және қызметтің өнім беруші кәсіпорындардың баға өзгерісінің ДИ графигіне ТБИ салыстыра отырып келтірілген (тоқсандық қатар: тоқсан/ өткен тоқсанға), 2012 ж. 4-тоқ. бағаның қалыпты өсуі жалғасты, қарқынды баяулады: ДИ 60,5 белгіге дейін төмендеді (2012ж. 3-тоқ. 61,1-дан). 2013ж. 1-тоқ. бағаның қалыпты өсуі күтіледі: ДИ 61,9 болды.

3.3. Кәсіпорындар сатып алған шикізат пен материалдар (Ш жәнеМ) бағасының өзгеруі

Шикізат пен материалдар бағасының деңгейін өткен тоқсандағы жағдаймен салыстыру

№	Кәсіп. жауаптары, %	2012-2	2012-3	2012-4	2013-1 күту
1	Ұлғаюы	47,5	49,0	48,6	43,5
2	Өзгермеуі	49,2	48,8	48,3	29,0
3	Төмендеуі	3,1	1,9	3,2	0,7
4	1-жол-3-жол	44,4	47,1	45,4	42,8
5	Ш жәнеМ бағасының өзгеруінің диффузиялық индексі*	72,2	73,5	72,7	71,4




2012ж. 4-тоқ. шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны төмендеді: ДИ 72,7 (2012ж. 3-тоқ. – 73,5) болды. 2013ж. 1-тоқ. бағаның аздал баяу өсуі күтіледі, бірақ олардың деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болып отыр. Баяулауға қарамастан бағаның ең көп өсуі – "Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу", ең азы – сауда саласында. 2013ж. 1-тоқ. тұтастай алғанда бағаның баяу өсуі күтіледі.

* 8-беттегі әдіснамалық түсінікті қараңыз

IV. Іскерлік белсенділіктің және қаржы-экономикалық әлуеліктің өзгеруі


4.1. Жұмыспен қамтылғандар саны және өндіріс көлемі өзгерістерінің динамикасы (маусымдық-тегістеу қатары негізінде)



2012ж. 4-тоқ. жұмыспен қамтылмағандар саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі едәуір өсті (66,9% дейін). Шығарған өнімнің көлемі ұлғайған не өзгермеген кәсіпорындар саны өсті (71,7% дейін).


4.2. Іскерлік белсенділікті бағалау

2012ж. 4-тоқ. кәсіпорындардың іскерлік белсенділігі ұлғайды: активтердің және айналым қаражатының айналымдылығы тиісінше, 21,4% және 57,9% дейін ұлғайды. Осы уақытта активтердегі айналым қаражатының үлесі аздап төмендеді (37,0%-ға дейін).




4.3. Өтімділікті бағалау

2012ж. 4-тоқ. нақты секторда өтімділігі төмен кәсіпорындардың үлесі аздап ұлғайды (35,9 дейін), жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті іс жүзінде өзгерген жоқ (2,1).



4.4. Сатылған өнімнің рентабельділігін бағалау және талдау

2012ж. 4-тоқ. нақты сектордың қаржылық жай-күйі іс жүзінде өзгерген жоқ: зиян шеккен және рентабельділігі төмен кәсіпорындар 2012ж. 3-тоқ. деңгейінде қалды (22,5%)




Өңдеу және өндіру өнеркәсібіндегі рентабельділік аздап төмендегеніне қарамастан (тіісінше, 22,4% және 62,8% дейін) сату рентабельділігі орта есеппен алғанда экономика бойынша аздап ұлғайды (40,7% дейін).

* 8-беттегі әдіснамалық түсінікті қараныз

V. Экономиканың нақты секторын дамыту үрдісін жалпы бағалау Композиттік индикатор (КИ)*


Тұтастай алғанда экономиканың нақты секторында кәсіпорындардың 2012 жылғы 4-тоқсанда сұрату нәтижелері бойынша кономикалық өсу үрдісі жағаласты, бірақ баяу қарқынмен, бұл кәсіпорындардағы қалыптасқан ахуалдарға қатысты сұратылған кәсіпорындардың басшыларының жаптыға бірдей пікірін бідіретін композиттік индикаторды (бұдан әрі КИ, төмендегі суретті қараныз) көрсетеді. КИ-да нақты ЖІӨ динамикасын 1-2 тоқсанға* басып озу қасиеті бар. КИ қатары және нақты ЖІӨ (2005 ж. бағамен) маусымнан тазартылған және құрамында тренд жоқ күйде келтірілген, яғни циклдық қысқа мерзімді ауытқуларды құрайтын, соған негізделген экономикалық конъюнктурадан тұрады. Салыстыру мақсатында циклдық құрамдас бөліктер стандарттандырылды, яғни бір (біркелкі емес) өлшем бірлігіне келтірілді.



2011 жылғы 1-тоқсаннан бастап, КИ өсу саласында нөлдік белгіге жақын тұр, бұл экономиканың нақты секторының баяу өсуін көрсетеді. 2012 ж. 4-тоқсандағы КИ деңгейі және динамикасы 2013 жылғы 1-тоқсандағы баяу өсу үрдісінің барынша ықтимал сақталуын көрсетеді. Бұл ретте құлдырауға өту тәуекелдері мынадай индикаторлардың жүргізілуіне байланысты (2012ж. 4-тоқсанда 2011ж. 4-тоқсанмен салыстырғанда):

- өндіру өнеркәсібіндегі дайын өнімге сұраныстың төмендеуі;
- өндіу саласында және саудада өнімге сұраныстың елеуір баяу өсуі.
- Осы уақытта, композиттік индикаторға мынадай индикаторлар оң әсерін тигізді:
 - Тұтастай алғанда кәсіпорындарды таңда бойынша жұмыспен қамтылғандар санының, өндіріс көлемінің және дайын өнімді сағудан түскен кірістің ұлғаяуы
 - кредиттердің қолжетімділік индикаторының және кәсіпорындардың кредиттік белсенділігінің әлсіз болса да жақсаруы.

*) КИ жалпыға бірдей индикатор болып табылады (төмендегі V бөлімге әдістемелік түсініктемелерді қараңыз, 8-бет): егер жоғарыда көрсетілген (I-IV бөлімдерінде) индикаторлар экономиканың нақты секторының (ЭНС) жекелеген тараптарын дамытуға қысқа мерзімді үрдістерді көрсететін болса, онда КИ тұтастай алғанда ЭНС бойынша қысқа мерзімді үрдістерді көрсету үшін қызмет етеді. Бұл ретте ол мынадай қасиеттерге ие болады: 1) басым сипаты бар; 2) ЭНС дамытудың циклды сипатын көрсетеді; 3) кәсіпорындардың жедел сұратулары негізінде жасалғандықтан жедел қалыптастырылады. Графикте көрсетілгендей, қаралып отырған кезеңде, КИ циклды түрде өзгереді, экономиканы дамытуға екі бұрылыс нүктесін болжай отырып, жақсы болжамдық сапаны көрсетеді. Шамамен алғанда 1-2-тоқсандарда КИ елдің нақты ЖІӨ циклды түрде құрайтын бұрылыс нүктелері бір тоқсанға басым тұр ("болжамдайды"): 2007 ж. 3-тоқ. - экономикада құлдыраудың басы және 2009 ж. 2-тоқ. - дағдарыстан шығудың басы. ЖІӨ и КИ уақытша қатарының кросс-корреляция коэффициенті (төменде келтірілген суретте) 1-тоқсанда (0,91) және 2 тоқсанда (0,91) жылжуы кезінде (бір біріне қатысты) барынша жоғарғы мәнге ие болады, бұл басым индикатор негізінде КИ жеткілікті жоғары сапасын сипаттайды.



2-суретте: 2005ж. 1-тоқ. - 2012ж. 4-тоқ. аралығындағы кезең үшін тоқсандық уақытша қатарлар бойынша КИ кросс-корреляциясы және нақты ЖІӨ.

Корреляцияның ең көп коэффициенті: бір-бірімен салыстырғанда 1-тоқсанда (0,91) және 2-тоқсанда (0,91) уақытша қатарлар жылжыған кезде алынды. Жылжымаған қатарлардың корреляция коэффициенті 0,77.

***Талама шолуга әдіснамалық түсінік:**

1. I, II, III бөлімдерге.

Көрсеткіштер мынадай есеттік деректермен ұсынылды: кәсіпорындар жасаулары топтарының арасындағы пайыздық арақатынас, оң және теріс жасаулар саны арасындағы айырма және т.б. Кестелерде және және бағандарда көрсетілген диффузиялық индекс оң жасаулар мен "өзгеріссіз" жасаулардың жартысының сомасы ретінде шығарылады. Осы индекс қаралып отырған көрсеткіштің (Еуропаның ВТБ Банкінің, Англияның тәжірибесі бойынша) өзгеру динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Егер оның мәні 50 деңгейден жоғары болса, бұл - оң өзгерісті, егер 50 деңгейден төмен болса - теріс өзгерісті білдіреді. Бұл ретте, диффузиялық индекстің мәні бұдан әрі 50 деңгейден (жоғары немесе төмен) болса, онда көрсеткішті өзгеру (ұлғаю немесе азая) қарқыны жоғары.

2. IV бөлімге

Бөлімдегі көрсеткіштер пікіртерін жүргізілген кәсіпорындарды іріктеу бойынша тұтастай алғанда есетілген қаржы коэффициенттерінің орташа мәнімен, сондай-ақ қажет болған кезде салалық бөлікте кәсіпорындардан алынған баланстың тоқсан аяғындағы көрсеткіштерінің күтілетін бағалау негізінде ұсынылды. Бұл ретте осы бағалар, сондай-ақ олардың негізінде есетілетін орташа бағалар олардың абсолютті дәл мәндерін алуды мақсат етпейді (өйткені олар есеттік болып табылмайды), экономиканың және оның салаларының қаржылық емес секторының өзгеру үрдістерін бағалауды және талдауды жедел алуға қызмет етеді.

3. V бөлімге

Әлемдік практикада, көптеген елдерде, КИ экономикадағы көтерулер мен түсулердің басталуы және ауысуы кезінде цикльдік өзгерістерді көрсету және бұрылыс нүктелерін айқындау үшін пайдаланылады. Бұл ретте КИ басымдық қасиетке ие болып отыр. Яғни, бұрылыс нүктелері оның динамикасында экономикаға қарағанда ерте басталады (КИ және цикльдік құрайтын жалты ішкі өнім динамикасын салыстыра отырып белгіленеді). КИ мұндай сапасы оның құрамдас бөліктеріне көбінесе осындай сападағы индикаторлармен іріктеліп қамтамасыз етіледі. Кәсіпорындардың конъюнктуралық пікіртерімдерінің нәтижелері бойынша қалыптастырылған кейбір индикаторлар осындай сапаға ие болып отыр, бұл тұтастай алғанда, экономика бойынша өзгерістер болғанда осы индикаторлардың сыртқы күзіселістерге әсерінің ерте болуына байланысты.

ҚРҰБ осы пікіртерін бойынша қалыптастырылған индикаторлардың ішінен КИ компоненті ретінде мынадай басым индикаторлар кірді: банктердің кредиттерін айналым қаражатын қаржыландыру үшін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі; банктердің кредиттерін негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі; банкке кредит үшін өтініші берген, бірақ оны алмаған кәсіпорындардың үлесі; «өндіру өнеркәсібі», «өңдеу өнеркәсібі», «сауда» салаларында дайын өнімге сураныстың өзгеруі; өндіріс көлемі азайған кәсіпорындардың үлесі; жұмыспен қамтылғандар саны төмендеген кәсіпорындардың үлесі. **КИ орташа алынған, сұрыпталған құрамдас бөлік ретінде есетіледі,** бұл ретте құрамдас бөліктер алдын ала стандарттандырылады, яғни бір (біркелкі емес) өлшем бірлігіне келтіріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 27 шілде

№ 227

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне
жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге
асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет
түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар (бұдан әрі – Өзгерістер мен толықтырулар) енгізілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші және елу алтыншы абзацтарының, 2-тармағының тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызыншы, жүзінші, бір жүз бірінші, бір жүз екінші, бір жүз үшінші, бір жүз төртінші, бір жүз жиырма сегізінші, бір жүз жиырма тоғызыншы, екі жүз отыз бесінші және екі жүз отыз алтыншы абзацтарының, 4-тармағының сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші абзацтарының қолданысы 2012 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 23 тамызда №7871 тіркелген

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

1. «Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 180 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5789 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қордың меншікті активтері – Қордың болашақта экономикалық пайда алуға үміт артатын және Қор балансында көрсетілетін алдыңғы өткен оқиғалардың нәтижесінде Қор бақылау жасайтын ресурстар болып табылатын активтері;

2) меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті – осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – Ұйым) меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің сомасы;

3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

4) қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдастыру және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін «Standard & Poor's» агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органы «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары да танылады.

3. Тәуекел деңгейі бойынша зейнетақы активтерін мөлшерлеу кезінде, сондай-ақ халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша рейтингтік бағасы бар болған жағдайда өтімді активтерді анықтау кезінде осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган танитын рейтингтік агенттіктердің біреуінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік бағасы есепке алынады.»;

13 және 14 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қордың меншікті капиталының жеткіліктілігі K1 коэффициентімен сипатталады.

K1 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$K1 = (\Theta A - (M + RR1 \text{ немесе } FR2)) / M3A$, мұнда:

ΘA – осы Нұсқаулықтың 15 және 17-тармақтарында белгіленген өтімді және басқа да активтер;

M – баланс бойынша міндеттемелер;

«RR1 – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 тіркелген) бекітілген Зейнетақы активтерін

инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықтың (бұдан әрі – № 181 нұсқаулық) 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірісінің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті (К2.1) он бес және (немесе) қалыпты (К2.2) номиналды кіріс коэффициенті отыз пайыздан артық теріс ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

FR2 – № 181 Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің номиналды кіріс коэффициенті алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті (К2.1) оннан артық, бірақ он бес пайыздан кем және (немесе) қалыпты (К2.2) он бестен артық, бірақ отыз пайыздан кем кері ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

МЗА – Қордың инвестициялық портфеліндегі тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының құны, Қордың консервативті және қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап МЗА Қордың консервативті, қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

МЗА мына формула бойынша есептеледі:

МЗА = Ккт+Нт+От, мұнда:

Ккт – осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, инвестициялық портфельде бір жылдан астам болған «өтелгенге дейін ұсталатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санатына жатқызылған, борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, «кері репо» операциялары, туынды қаржы құралдары, айырбасталмайтын артықшылықты акциялар бойынша есептелетін кредиттік тәуекел;

Нт – инвестициялық портфельде бір жыл және одан кем уақыт болған, «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санаттарына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар (кредиттік тәуекел есебіне енгізілген акцияларды қоспағанда), депозитарлық қолхаттар, пайлар және айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелетін нарықтық тәуекел.

Нарықтық тәуекел мына сомаға келтіру коэффициентінің туындысы ретінде есептеледі:

сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

қаржы құралының нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (қор тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (валюталық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел.

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекелді есептеу ерекше пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің сомасын білдіреді.

Ерекше пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес ерекше пайыздық тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) бойынша есептеледі.

Бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары болып танылады:

бір эмитент шығарған;

тең мөлшердегі кірістілігі бар;

нарықтық құны бір валюта түрінде көрсетілген;

өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар.

Егер қаржы құралдары көрсетілген бір немесе бірнеше белгіге сәйкес келмесе, онда ерекше пайыздық тәуекел әрбір қаржы құралы бойынша жеке-жеке есептеледі.

Жалпы пайыздық тәуекел мынадай соманы білдіреді:

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес уақыт аралықтары бойынша тәуекелдің барлық аймақтарының мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан он пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 1-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан қырық пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 2-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 3-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы.

Қаржы құралының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (қор тәуекелі) қаржы құралы құнының нарықтық тәуекел коэффициентіне көбейтіндісін білдіреді және осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес акциялар (айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар, депозиторлық қолхаттар және пайлар бойынша есептеледі.

Валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (валюталық тәуекел) шығарылым талаптары осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валютада белгіленген бағам бойынша осы құрал бойынша ақша ағынын және 0,04-ке тең валюталық тәуекел коэффициентін белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел валютасында номинирленген, сондай-ақ ол бойынша номинал және (немесе) купондық сыйақысы шетел валюталары, қымбат металдар, шетелдік қолма-қол валюта бағамдарының өзгеруіне индекстелген қаржы құралдары сомасының көбейтіндісін білдіреді.

От – соңғы өткен үш жыл ішінде алынған жылдық жалпы кірістің орташа шамасына келтіру коэффициентінің және 0,04-ке тең операциялық тәуекел коэффициентінің көбейтіндісін білдіретін операциялық тәуекел.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы әр жыл сайын Қордың таза кіріс алған соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кіріс сомасының Қордың таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жылдық жалпы кіріс салық салғанға дейінгі таза жылдық кірістің және Қордың К2.1 консервативті және (немесе) К2.2 қалыпты портфельдер бойынша номиналды кіріс коэффициенттерін ықтимал өтеуі бойынша резервтерді қалыптастыруға арналған қаржының көрсетілген резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістерді шегергендегі жылдық мөлшерінің сомасы ретінде анықталады.

Соңғы өткен үш жыл ішінде Қор таза кіріс алмаған жағдайда операциялық тәуекел есептелмейді.

Жаңадан құрылған Қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталған соң есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа шамасы өткен жылдар санын негізге ала отырып есептеледі.

14. Осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген сәйкес келтіру коэффициенті 10-ды құрайды. »;

21 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қорда күнтізбелік жылдың соңында Қордың К2 номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кірістілік коэффициентінің барынша төмен мәні арасында теріс айырма пайда болған жағдайда, Қор осы айырманы меншікті капиталы есебінен Қордың кастодиан банктегі инвестициялық шотына тиісті ақша сомасын аудару арқылы есеп айырысу жүзеге асырылған жылдан кейін келетін жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде өтейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдаған жинақтаушы зейнетақы қорына, зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдау жылынан кейін келетін жылдан кейінгі төрт жыл бойы қолданылмайды. »;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Қор қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін резервті қалыптастырады және бухгалтерлік баланста меншікті қаражат бойынша «Меншікті капитал» бөліміндегі тиісті баланс шотында есепті кезеңдегі бөлінбеген пайданың (жабылмаған шығынның) есебінен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған міндеттемелерді және резервті есептеу және қалыптастыру № 181 Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақта және 24-тармақта белгіленген талаптар зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы

төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдаған жинақтаушы зейнетақы қорына, зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдау жылынан кейін келетін жылынан кейінгі төрт жыл бойы қолданылмайды. »;

33-тармақ алып тасталсын;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қор инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен – Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем; эмитенттің бас ұйымында мынадай рейтингтік бағалардың бірі:

Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы болғанда

егер қаржы құралын шығару талаптарында мөлшері қаржы құралын шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін эмитенттің міндеттемелерін орындау бойынша бас ұйымның кепілдігі көзделген жағдайда, жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен эмитентке қатысты бас болып табылатын ұйымның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды»;

43-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43-1. Меншікті активтер есебінен шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына Қор инвестицияларының мөлшері Қордың меншікті активтерінің елу пайызынан кемді құрайды, оның ішінде “Standard & Poor's” агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша “BBB”-тен төмен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – меншікті активтердің жалпы мөлшерінің он пайызынан кемді құрайды.»;

«Кредиттік тәуекел» кестесінде:

реттік нөмірі 7 және 8-жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

« 7	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
8	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	

»;

реттік нөмірлері 10 және 11-жолдар алып тасталсын:

реттік нөмірлері 13, 14, 15 және 16-жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

« 13	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		10	
14	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің резидент еншілес банктеріндегі салымдар		10	
15	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		10	
16	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		10	»;

реттік нөмірлері 19, 20, 21, 22, 23 және 24-жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

« 19	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		25	
20	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен "BBB-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған		25	

	ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар			
21	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен "BBB-" дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-тен "kzBBB"-ге дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		25	
22	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен "A"-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің резидент еншілес банктеріндегі салымдар		25	
23	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	
24	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе "Standard & Poor's" агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA"-тен "kzBBB"-ге дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	

реттік нөмірі 28-жол, мынадай редакцияда жазылсын:

« 28	Шетелдік ұйымдар шығарған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ шетелдік ұйымдар шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		50	»;
------	---	--	----	----

8-қосымшаның «Қаржы құралының (қор тәуекелінің) нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел есебі» кестесінде реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

1	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,01	
2	"Standard & Poor's principal stability fund ratings" "BBBm"-тен төмен емес немесе "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" "BBBf"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлар пайларының құны		0,02	
3	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,03	

».

2. «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5793 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Ұйымның меншікті активтері – Ұйым болашақта экономикалық пайда алуды күтетін және Ұйымның балансында көрсетілетін өткен оқиғалардың нәтижесінде Ұйым бақылайтын ресурстар болып табатын активтер;

2) меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті - осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) меншікті капитал жеткіліктік коэффициентінің қосындысы;

3) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

4) зейнетақы активтерінің шартты бірлігі – Қордың зейнетақы активтерінің, Ұйым оларды инвестициялық басқару нәтижесіндегі өзгерістерін сипаттау үшін пайдаланылатын және осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелетін үлестік мөлшері;

5) қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдастыру және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) «таза» зейнетақы активтері – Қордың, оның зейнетақы активтеріне жататын міндеттемелерді (зейнетақы төлемдері, басқа Қорларға аударымдар жасау бойынша міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегергендегі зейнетақы активтері.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін «Standard & Poor's» агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органы «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары да танылады.

3. Тәуекел деңгейі бойынша зейнетақы активтерін мөлшерлеу кезінде, сондай-ақ халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша рейтингтік бағасы бар болған жағдайда өтімді активтерді анықтау кезінде осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган танитын рейтингтік агенттіктердің біреуінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік бағасы есепке алынады.»;

13 және 14 -тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі K1 коэффициентімен сипатталады.

K1 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$K1 = (\Theta A - (M + RR1 \text{ немесе } FR2)) / MZA$, мұнда:

ΘA – осы Нұсқаулықтың 15 және 17-тармақтарында белгіленген өтімді және басқа да активтер;

M – баланс бойынша міндеттемелер;

$RR1$ – Осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірісінің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті ($K2.1$) он бес және (немесе) қалыпты ($K2.2$) номиналды кіріс коэффициенті отыз пайыздан артық теріс ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

$FR2$ – осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің номиналды кіріс коэффициенті алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті ($K2.1$) оннан артық, бірақ он бес пайыздан кем және (немесе) қалыпты ($K2.2$) он бестен артық, бірақ отыз пайыздан кем кері ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

MZA – Қордың инвестициялық портфеліндегі тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының құны, Қордың консервативті және қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап MZA Қордың консервативті, қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

MZA мына формула бойынша есептеледі:

$MZA = K_{кт} + H_{т} + O_{т}$, мұнда:

$K_{кт}$ – осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, инвестициялық портфельде бір жылдан астам болған «өтелгенге дейін ұсталатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санатына жатқызылған, борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, «кері репо» операциялары, туынды қаржы құралдары, айырбасталмайтын артықшылықты акциялар бойынша есептелетін кредиттік тәуекел;

$H_{т}$ – инвестициялық портфельде бір жыл және одан кем уақыт болған, «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санаттарына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар (кредиттік тәуекел есебіне енгізілген акцияларды қоспағанда), депозитарлық қолхаттар, пайлар және айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелетін нарықтық тәуекел.

Нарықтық тәуекел мына сомаға келтіру коэффициентінің туындысы ретінде есептеледі:

сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

қаржы құралының нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (қор тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (валюталық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел.

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекелді есептеу ерекше пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің

сомасын білдіреді.

Ерекше пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес ерекше пайыздық тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) бойынша есептеледі.

Бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары болып танылады:

бір эмитент шығарған;

тең мөлшердегі кірістілігі бар;

нарықтық құны бір валюта түрінде көрсетілген;

өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар.

Егер қаржы құралдары көрсетілген бір немесе бірнеше белгіге сәйкес келмесе, онда ерекше пайыздық тәуекел әрбір қаржы құралы бойынша жеке-жеке есептеледі.

Жалпы пайыздық тәуекел мынадай соманы білдіреді:

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес уақыт аралықтары бойынша тәуекелдің барлық аймақтарының мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан он пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 1-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан қырық пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 2-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 3-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы.

Қаржы құралының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (қор тәуекелі) қаржы құралы құнының нарықтық тәуекел коэффициентіне көбейтіндісін білдіреді және осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес акциялар (айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар, депозиторлық қолхаттар және пайлар бойынша есептеледі.

Валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (валюталық тәуекел) шығарылым талаптары осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валютада белгіленген бағам бойынша осы құрал бойынша ақша ағынын және 0,04-ке тең валюталық тәуекел коэффициентін белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел валютасында номинирленген, сондай-ақ ол бойынша номинал және (немесе) купондық сыйақысы шетел валюталары, қымбат металдар, шетелдік қолма-қол валюта бағамдарының өзгеруіне индекстелген қаржы құралдары сомасының көбейтіндісін білдіреді.

От – соңғы өткен үш жыл ішінде алынған жылдық жалпы кірістің орташа шамасына келтіру коэффициентінің және 0,04-ке тең операциялық тәуекел коэффициентінің көбейтіндісін білдіретін операциялық тәуекел.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы әр жыл сайын Қордың таза кіріс алған соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кіріс сомасының Қордың таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде есептеледі.

Жылдық жалпы кіріс салық салғанға дейінгі таза жылдық кірістің және Ұйымның К2.1 консервативті және (немесе) К2.2 қалыпты портфельдер бойынша номиналды кіріс коэффициенттерін ықтимал өтеуі бойынша резервтерді қалыптастыруға арналған қаржының көрсетілген резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістерді шегергендегі жылдық мөлшерінің сомасы ретінде анықталады.

Соңғы өткен үш жыл ішінде активтері Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қор таза кіріс алмаған жағдайда операциялық тәуекел есептелмейді.

Жаңадан құрылған Қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталған соң есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа шамасы өткен жылдар санын негізге ала отырып есептеледі.

14. Осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген сәйкес келтіру коэффициенті 10-ды құрайды. »;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қандай да бір күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$PA_i = PA_{(i-1)} + Vi + Ti1 + Ti2 + Di + Ii + Pi1 + Pi2 - Ni1 - Ni2 - Kvi$, мұнда:

ПА (i-1) - алдындағы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

Ві - осы күні Қорға түскен зейнетақы жарналары;

Ті1 - осы күні Қордың консервативті инвестициялық портфеліне басқа Қорлардан түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

Ті2 - осы күні Қордың консервативті инвестициялық портфеліне Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

Ді - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық кірісі;

Иі - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің инвестициялық шотындағы ақша қалдығы бойынша осы күні кастодиан банк төлеген сыйақы (мүдде);

Пі1 - зейнетақы жарналарын уактылы аудармағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Пі2 - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерін уакытында инвестицияламағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Ні1 - Қордың консервативті инвестициялық портфелінен осы күні есептелген зейнетақы төлемдері, Қордың консервативті инвестициялық портфелінен басқа Қорларға жасалған аударымдар және Қордың консервативті инвестициялық портфелінің инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (Қор және оған қызмет көрсететін кастодиан банк түскен күні қателесіп түскен деп танылған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және салымшылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Ні2 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВі - Қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.»;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

«21-1. Қандай да бір күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$ПА_i = ПА_{(i-1)} + В_i + Т_i + Д_i + И_i + П_i1 + П_i2 - Н_i1 - Н_i2 - Н_i3 - КВ_i$, мұнда:

ПА (i-1) - алдындағы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

Ві - осы күні Қорға түскен зейнетақы жарналары;

Ті - осы күні Қордың қалыпты инвестициялық портфеліне басқа Қорлардан түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

Ді - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық кірісі;

Иі - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің инвестициялық шотындағы ақша қалдығы бойынша осы күні кастодиан банк төлеген сыйақы (мүдде);

Пі1 - зейнетақы жарналарын уактылы аудармағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Пі2 - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерін уакытында инвестицияламағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Ні1 - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен осы күні есептелген зейнетақы төлемдері, Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен басқа Қорларға жасалған аударымдар және Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (Қор және оған қызмет көрсететін кастодиан банк түскен күні қателесіп түскен деп танылған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және салымшылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Ні2 - осы күні есептелген Қордың консервативті инвестициялық портфеліне Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен аударымдар;

Ні3 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВі - Қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қордың консервативті инвестициялық портфелінен күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 23-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$U E_i = U E (i - 1) + \frac{V_i + T_{i1} + T_{i2} + P_{i1} - H_{i1} - H_{i2}}{C (i - 1)}, \text{ мұнда:}$$

$U E (i-1)$ - Қордың осы күннің алдындағы күнтізбелік соңғы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

$C (i-1)$ - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.»;

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

«22-1. Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 23-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$U E_i = U E (i - 1) + \frac{V_i + T_{i1} + P_{i1} - H_{i1} - H_{i2} - H_{i3}}{C (i - 1)}, \text{ мұнда:}$$

$U E (i-1)$ - Қордың осы күннің алдындағы күнтізбелік соңғы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

$C (i-1)$ - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Ұйымдар ұсынған К2 номиналды кіріс коэффициенті есептеулерінің негізінде уәкілетті орган ай сайын осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес:

1) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша К2 номиналды кіріс коэффициентін;

2) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша соңғы өткен толық күнтізбелік он екі, отыз алты, алпыс айдағы номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициентін;

3) осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес есептелген номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентін есептейді.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Уәкілетті орган ай сайын ағымдағы айдың он бесінші күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында мынадай ақпаратты жариялайды:

1) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша К2 номиналды кіріс коэффициенті, номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентін есептеуде К2 қатысатын номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

2) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін Қорлар бойынша соңғы өткен толық күнтізбелік он екі, отыз алты, алпыс айдағы номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициентін, номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентін есептеуде К2 қатысатын номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

3) осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес есептелген номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентін.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдарда он екі, отыз алты, алпыс және одан көп ай инвестициялық басқаруда болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша (К2 коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша бір кезеңдегі К2 коэффициенттерінің орташа мөлшерленген шамасы ретінде есептеледі.

Түзетілген номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай (К2 коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) болған

«таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша орташа мөлшерленген шама, номиналды кіріс коэффициентінің мәні:

1) осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша есептелген тиісті кезеңде номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті мәнінің жетпіс пайызынан төмен емес;

2) осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша есептелген тиісті кезеңде номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті мәнінің жүз отыз пайызынан аспайтын Қорлар бойынша бір кезеңдегі К2 коэффициенттерінің шамасы ретінде есептеледі.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті жылдан кейін келетін жылғы бірінші қаңтарда қалыптасқан Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнінен кері ауытқыған жағдайында, Ұйым Қорға зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мен Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы кастодиан банктегі Қордың банктік шотына есептелген тиісті соманы есептеу жолымен мынадай формула бойынша өтейді:

$$S = (C_{\min} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда: } C_{\min} > C_t, \text{ мұнда:}$$

S - зейнетақы активтері Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мәнін өтеу бойынша осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған Қордың алдындағы Ұйымның міндеттемелер сомасы;

C_{\min} – есеп айырысу күніне номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_t – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ei} – есеп айырысу күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{\min} мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{\min} = (K_{cp} * 85\% + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp} – есеп айырысуды жасау күніне сәйкес келетін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдерінде бар зейнетақы активтері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o – Қорда есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.»;

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

«29-1. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті жылдан кейін келетін жылғы бірінші қаңтарда қалыптасқан Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні кері ауытқыған жағдайында, Ұйым Қорға зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мен Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы кастодиан банктегі Қордың банктік шотына есептелген тиісті соманы есептеу жолымен мынадай формула бойынша өтейді:

$$S = (C_{\min} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда: } C_{\min} > C_t, \text{ мұнда:}$$

S - зейнетақы активтері Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентін өтеу бойынша осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған Қордың алдындағы Ұйымның міндеттемелер сомасы;

C_{\min} - есептеу күніне номиналды кіріс коэффициентінің барынша ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_t – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ei} – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{\min} мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\min} = (K_{cp} * 70\% + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp} – есеп айырысу күнінде қалыптасқан Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдерінде бар зейнетақы активтері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o - есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.»;

31, 32, 33 және 34 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Ұйым зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың K_2 номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы өтеу сомасын есептеу күнінен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға кастодиан банктің растамасымен осы соманы есептеу туралы ақпаратты жібереді.

29, 30 - тармақтармен және осы тармақпен белгіленген талаптар зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін атқаратын лицензиядан айырылған Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын Қорға қатысты ұйымға қолданылмайды.

32. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті кезең үшін Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті он бес пайыздан көп кері ауытқыған кезде Ұйымда болашақта зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелінің K_2 номиналды кіріс коэффициентін өтеу ықтималдығы бойынша міндеттемелер (бұдан әрі - Міндеттемелер) туындайды.

Ұйым Міндеттемелер сомасын жыл ішінде «Міндеттемелер» бөлімінде, меншікті қаражат бойынша бухгалтерлік баланста, жыл ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша меншікті шығыстар есебінен толық көлемде, тиісті шотта қалыптастырады.

Міндеттемелер сомасымен есеп айырысуды Ұйым мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$$S_0 = (C_{\min-1} - C_t) * Y_{ei}, \text{ кезде } C_{\min-1} > C_t, \text{ мұнда:}$$

S_0 – Міндеттемелер сомасы;

$C_{\min-1}$ – алдындағы есепті кезең үшін Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_t – есеп айырысуды жасау күніне зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ci} – есеп айырысуды жасау күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{min-1} мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{min-1} = (K_{cp-1} * 85\% + 100)/100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp-1} – алдындағы есепті кезеңде Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o - есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін резервті зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқу шегіне, осы Нұсқаулықтың 33 және 34 тармақтарына сәйкес осының алдындағы есептілік кезеңі ішінде Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәніне қатысты есептейді және қалыптастырады.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін резерв бухгалтерлік баланста, меншікті қаражат бойынша тиісті баланстық шотта, «Меншікті капитал» бөлімінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша, есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны) есебінен көрсетіледі.

33. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он бес пайыздан артық болған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі - K_2 он бес пайыздан артық кері ауытқуы кезіндегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$$RR_1 = R_1 * n / 11, \text{ мұнда:}$$

RR_1 - K_2 он бес пайыздан артық кері ауытқу кезіндегі резерв;

R_1 - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін Ұйымның түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті мәнінің тоқсан пайызын орындау үшін қажетті сома;

n – есепті жылғы өткен есеп айырысу айлар саны;

11 - есепті жылғы есеп айырысу айлар саны.

R_1 есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_1 = (C_{cp} - C_{min-1}) * Y_{ci}, \text{ мұнда:}$$

C_{cp} - зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында R_1 қамтамасыз ету үшін болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

C_{min-1} - алдындағы есепті кезеңінде зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін номиналды кіріс коэффициентінің барынша төмен мәнін орындау үшін болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

Y_{ci} – Ұйымда есеп айырысу жасалған күнге инвестициялық басқаруда болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{cp} есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{cp} = (K_{cp-1} * 90\% + 100)/100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp-1} - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o – есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйымға резервтің K_2 консервативті инвестициялық портфелінің Міндеттемелерді қалыптастыру үшін он бес пайыздан артық кері ауытқуы кезінде резерв бөлігін, бірақ осы резерв сомасының жетпіс бес пайызынан аспайтындай бөлігін пайдалануына жол беріледі.

34. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі, есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі - K_2 он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есеп айырысады:

$$FR_2 = R_2 * n / 11, \text{ мұнда:}$$

FR_2 - K_2 консервативті инвестициялық портфелі он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв;

R_2 – Ұйымның алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі бойынша келтірілген номиналды кіріс коэффициентінің мәнін орындау үшін қажет сома;

n – есепті жыл ішіндегі өткен есеп айырысу айлар саны;

11 - есепті жыл ішіндегі есеп айырысу айлар саны.

R_2 есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_2 = (C_{пр} - C_i) * Y_{ei}, \text{ мұнда:}$$

$C_{пр}$ - Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтері әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_i – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ei} – осы Ұйымда есеп айырысу жүргізген күні инвестициялық басқаруда болған Қордың зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{пр}$ есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{пр} = (K_{пр} + 100) * C_o / 100, \text{ мұнда:}$$

$K_{пр}$ – алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәні;

C_o – Қорда есеп айырысу жүргізілген күнінің алдында алпыс ай бұрын болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

$K_{пр}$ есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{пр} = (0,90 - N/11 * 0,10) * K_{ср-1}, \text{ мұнда:}$$

N – есепті жылдың аяғына дейін қалған күнтізбелік айлар саны;

11 – есепті жылдағы есеп айырысу айлар саны.

$K_{ср-1}$ - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні.

Қордың $K_{пр} > K_2$ кезінде консервативті инвестициялық портфель бойынша Ұйым FR_2 резервіне осы тармаққа сәйкес есеп айырысу жүргізеді және қалыптастырады.

Қордың $K_{пр} < K_2$ кезінде консервативті инвестициялық портфель бойынша Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету резерві қалыптаспайды.»;

Мынадай мазмұндағы 34-1, 34-2 және 34-3 тармақтармен толықтырылсын:

«34-1. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентінің есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың қалыпты инвестициялық портфелдері үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен отыз пайыздан артық кері ауытқыған кезде Ұйымда болашақта зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентін өтеу мүмкіндігі бойынша міндеттемелер (бұдан әрі – ҚИП Міндеттемелер) туындайды.

Ұйым ҚИП Міндеттемелер сомасын жыл ішінде «Міндеттемелер» бөлімінде, меншікті қаражат бойынша бухгалтерлік баланста Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп бойынша меншікті шығыстар есебінен толық көлемде, тиісті шотта қалыптастырады.

ҚИП Міндеттемелер сомасын есептеуді Ұйым мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$$S_0 = (C_{\min-1} - C_t) * Y_{ci}, \text{ при } C_{\min-1} > C_t, \text{ мұнда:}$$

S_0 – ҚИП Міндеттемелер сомасы;

$C_{\min-1}$ – осының алдындағы есепті кезең үшін Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_t – есеп айырысу жүргізілген күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ci} – есеп айырысу жүргізілген күнінде осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{\min-1}$ мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\min-1} = C_{\min-1} = (K_{cp-1} * 70\% + 100)/100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp-1} - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін резервті зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқу шегіне қатысты, осы Нұсқаулықтың 34-2 және 34-3 тармақтарына сәйкес алдындағы есепті кезеңі ішінде Қорлардың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәніне қатысты есептейді және қалыптастырады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін резерв бухгалтерлік баланста, меншікті қаражат бойынша тиісті баланстық шотта, «Меншікті капитал» бөлімінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп бойынша, есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны) есебінен көрсетіледі.

34-2. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен отыз пайыздан артық болған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі - K_2 отыз пайыздан артық кері ауытқуы кезіндегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$$RR_1 = R_1 * n / 11, \text{ мұнда:}$$

RR_1 - K_2 отыз пайыздан артық кері ауытқу кезіндегі резерв;

R_1 - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін

Ұйымның түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті мәнінің сексен бес пайызын орындау үшін қажетті сома;

n – есепті жылғы өткен есепті айлар саны;

11 - есепті жылғы есепті айлар саны.

R_1 есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_1 = (C_{cp} - C_{min-1}) * Y_{ei}, \text{ мұнда:}$$

C_{cp} - зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында R_1 қамтамасыз ету үшін болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

C_{min-1} - зейнетақы активтері алдындағы есепті кезең үшін Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

Y_{ei} – Ұйымда есеп айырысу жүргізген күні инвестициялық басқаруда болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{cp} есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{cp} = (K_{cp-1} * 85\% + 100)/100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

K_{cp-1} - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

C_o – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйымға резервтің K_2 қалыпты инвестициялық портфелінің Міндеттемелерді қалыптастыру үшін отыз пайыздан артық кері ауытқуын, бірақ осы резерв сомасының жетпіс бес пайызынан аспайтындай бөлігін пайдалануына жол беріледі.

34-3. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша K_2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспаған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі - K_2 он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$$FR_2 = R_2 * n / 11, \text{ мұнда:}$$

FR_2 - K_2 қалыпты инвестициялық портфелі он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв;

R_2 – Ұйымның алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша келтірілген номиналды кіріс коэффициентінің мәнін орындау үшін қажет сома;

n – есепті жыл ішіндегі өткен есепті айлар саны;

11 - есепті жыл ішіндегі есепті айлар саны.

R_2 есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_2 = (C_{np} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда:}$$

C_{np} - Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтері әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

C_t – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

Y_{ci} – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымда инвестициялық басқаруда болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

C_{np} есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$C_{np} = (K_{np} + 100) * C_o / 100$, мұнда:

K_{np} – алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәні;

C_o – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

K_{np} есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{np} = (0,85 - N/11 * 0,15) * K_{cp-1}, \text{ мұнда:}$$

N – есепті жылдың аяғына дейін қалған күнтізбелік айлар саны;

11 – есепті жылдағы есепті айлар саны.

K_{cp-1} - алдындағы есепті кезең үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні.

Қордың $K_{np} > K_2$ кезінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша Ұйым FR_2 резервіне осы тармаққа сәйкес есептеу жүргізеді және қалыптастырады.

Қордың $K_{np} < K_2$ кезінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету резерві қалыптаспайды.»;

36-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36-2. Осы тараумен белгіленген талаптар зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде зейнетақы жарналарын қамту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыратын қызметті атқару үшін лицензиясынан айырылған Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға қабылдаған ұйымға қолданылмайды.»;

42 -тармақ алып тасталсын;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Ұйымның Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына салынған инвестиция мөлшері мынадай мәндерді білдіреді:

Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтерінің он пайызынан кем зейнетақы активтері есебінен, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап егер Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған Қордың зейнетақы активтері осы Қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызынан кем болып - жүз отыз миллиард теңгеден асқан жағдайда;

меншікті активтер есебінен - Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтықты түрде зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы немесе меншікті активтер есебінен – осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем;

эмитенттің бас ұйымында мынадай рейтингтік бағалардың бірі:

Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы;

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы болғанда

егер қаржы құралын шығару талаптарында мөлшері қаржы құралын шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін эмитенттің міндеттемелерін орындау бойынша бас ұйымның кепілдігі көзделген жағдайда, жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен эмитентке қатысты бас болып табылатын ұйымның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды»;

52-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52-1. Шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарындағы Ұйым инвестицияларының мөлшері мынадай мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің елу пайызынан кем, оның ішінде «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-тен төмен рейтингтік бағасы

немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – меншікті активтердің жалпы мөлшерінің он пайызынан кем;

зейнетақы активтері есебінен – зейнетақы активтері мөлшерінің елу пайызынан кем, оның ішінде «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-тен төмен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінің он пайызынан кем.»;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Тазартылған қымбат металдарға және металл депозиттеріне Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерді құрайды:

зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің жиырма пайызынан кем;

меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтері көлемінің он пайызынан кем.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Бағалы қағаздардың құнсыздануына тестімен құнсыздануды танудың мынадай критерийлері:

- 1) эмитенттің қаржылық жай-күйі;
- 2) төлемдердің кез келгенін өтеу кезіндегі мерзімді өткізіп алу;
- 3) кепілдіктің болуы;
- 4) белсенді нарықтың болуы;
- 5) рейтингтің болуы;
- 6) бағалы қағаздардың құнсыздануын куәландыратын өзге объективті ақпарат анықталады.

Акциялардың құнсыздану тестілері кезінде акциялардың құнын төмендету кезінде осы тармақтың 1), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Борыштық бағалы қағаздарды құнсыздану тестісі кезінде осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген критерийлер қолданылмайды.

Әрбір критерий бойынша осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Балл сомасы бағалы қағаздардың жіктеу санатын анықтау кезінде пайдаланылады. Актив бойынша жиналған баллдардың санын негізге алып, осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес оның жіктеу санаты және қажетті резервтердің (провизиялардың) мөлшері белгіленеді.»;

70 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«70. Ұйым бухгалтерлік есептерде осы Нұсқаулықтың 10 және 11 қосымшаларына сәйкес есептелген резервті (құнды түзету) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулыларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген) белгіленген тәртіпте ескереді.»;

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Ұйым осы Нұсқаулықтың 1, 2, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес K_1 коэффициенті мәнінің есеп айырысуларын, 12, 13-қосымшаларға сәйкес K_2 коэффициенті мәнінің есептерін және осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес пруденциалдық нормативтермен есеп айырысуға арналған қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18-00-ден кешіктірмей осы Нұсқаулық қосымшаларының мынадай нысандары бойынша береді:

қағаз тасымалдауышта - осы Нұсқаулықтың 9 (1-кесте, егер Ұйым бір Қордың зейнетақы активтерін басқаратын болса, немесе 2-кесте, егер Ұйым екі және одан көп Қордың зейнетақы активтерін басқаратын болса), 12, 13-қосымшалары;

электрондық тасымалдауышта - осы Нұсқаулықтың 1, 2 (2-кесте), 6, 7 (1, 2-кестелер), 8, 9, 12, 13, 14-қосымшалары.

Ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша консервативті инвестициялық портфельдің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама өткен ай бойынша осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасындағы

нысанға сәйкес ұсынылады.

Ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша қалыпты инвестициялық портфельдің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама өткен ай бойынша осы Нұсқаулықтың 12-1- қосымшасындағы нысанға сәйкес ұсынылады.

Номиналды кіріс коэффициенттері туралы мәліметтер ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Есеп айырысулардағы деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан асатын сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.»;

1-қосымшада:

«Кредиттік тәуекел» кестесінде:

реттік нөмірлері 7 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 7	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
8	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	

реттік нөмірлері 10 және 11-жолдар алып тасталсын:

реттік нөмірлері 13, 14, 15 және 16-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 13	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		10	
14	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің резидент еншілес банктеріндегі салымдар		10	
15	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік		10	

	бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары			
16	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		10	

»;

реттік нөмірлері 19, 20, 21, 22, 23 және 24-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 19	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		25	
20	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		25	
21	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан «kzBBB»-ге дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		25	
22	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A-»-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің резидент еншілес банктеріндегі салымдар		25	

23	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А+»-тен «А-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	
24	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан «kzBBB»-ге дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	

реттік нөмірі 28-жол, мынадай редакцияда жазылсын:

« 28	Шетелдік ұйымдар шығарған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ шетелдік ұйымдар шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		50	
------	---	--	----	--

8-қосымшаның «Қаржы құралының (қор тәуекелінің) нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел есебі» кестесінде реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 1	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,01	
2	«Standard & Poor's principal stability fund ratings» «BBBm-»-тен төмен емес немесе «Standard & Poor's Fund credit quality ratings» «BBBf-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлар пайларының құны		0,02	

3	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,03	
---	---	--	------	--

10-қосымшаның «Бағалы қағаздардың құнсыздануын немесе құнын төмендетуін тану критерийлері» кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6.3-жолмен толықтырылсын:

« 6.3	Қазақстан Республикасының ұйымдарымен Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктердің бағалары бар қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+1
-------	--	----

12-қосымша осы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын; осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес редакциядағы 12-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Ереженің мақсатында «Standard & Poor's» агенттігінің рейтингтік бағасынан басқа уәкілетті органмен, сонымен қатар «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің және олардың рейтингтік еншілес ұйымдарының бағалары танылады (бұдан әрі - басқа рейтинг агенттіктері).

Эмитентте және (немесе) қаржы құралында халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша бірнеше рейтингтік баға бар болғанда, есепке уәкілетті орган таныған рейтингтік агенттіктердің бірінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік бағасы есепке алынады.»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері мен меншікті активтері есебінен қайталама нарықта жасалатын мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, сондай-ақ туынды қаржы құралдармен мәмілелер Ұйым (Қор) тек қор биржасында жасайды, мына жағдайларды:

- 1) эмитент инвестициялық портфеліндегі облигацияларды акцияларға айырбастауын;
- 2) басымдығы бар сатып алуға құқықты жүзеге асыруды;
- 3) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес эмитенттің инвестициялық портфеліндегі бар акциялары үшін төлем талап етуін;
- 4) қор биржасымен делистингке ұшыраған бағалы қағаздарды сатуды;
- 5) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің басқа бағалы қағаздарына эмитенттің бағалы қағаздарын айырбастауды;
- 6) мәмле жасаған кезде қор биржасы ол бойынша сауда-саттықты ашпаған бағалы қағаздарды сатуды;
- 7) эмитенттің меншікті бағалы қағаздарын сатып алуын жүзеге асыруды;
- 8) Қазақстан Республикасының резиденттері – эмитенттер және Қазақстан Республикасының резиденттері емес – эмитенттер шығарған (берген), ереженің белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында саудаланатын қаржы құралдарын сатып алу-сату бойынша халықаралық (шетелдік) нарықтағы мәмілелерді жасасуды;
- 9) осы Ереженің 17, 27, 28 және 29-тармақтарында көзделген талаптарды ескеріп жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасуды қоспағанда.

17. Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері және меншікті активтері есебінен халықаралық (шетелдік) нарықтағы мәмілелер мына талаптарды сақтағанда, жасалады:

1) акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сатып алу бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде берілген ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралы айналыста болатын халықаралық (шетелдік) қор биржасында мәмілелерді жасау күнінде қалыптасқан осы қаржы құралы бойынша бағаның барынша жоғарғы мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;

2) акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сату бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде берілген ақпаратқа сәйкес осы қаржы құралдары айналыста болатын халықаралық (шетелдік) қор биржасында мәмілелерді жасау күнінде қалыптасқан осы қаржы құралы бойынша бағаның барынша төмен мәнінен аспайтын баға бойынша жасалады;

3) principal protected notestі қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар бойынша, сондай-ақ туынды қаржы құралдары бойынша мәмілелер Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдама жүйелерінде сатып алуға және (немесе) сатуға бағамның ашылып жазылуы бар болған не осындай бағамдар жоқ болғанда, түрлі үш қарсы әріптестен кемінде үш бағам бар болған жағдайда. Осы тармақшаның мақсатында қарсы әріптестердің бағамы болып почталық, электрондық немесе факсимильді байланыс арқылы алынған борыштық бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдары бойынша қарсы әріптестердің баға ұсыныстары танылады. Егер қарсы әріптес осы қаржы құралына бағам бермесе, қарсы әріптестің бағамы жоқ болуы не қаржы құралына баға беруден бас тартуы жөніндегі хабарламасы мәмілелерді жасасу туралы есепке енгізіледі;

4) осы мәміле бойынша қарсы әріптес болып «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық (шетелдік) қаржы ұйымы табылады;

5) туынды қаржы құралдарын қоспағанда, осы қаржы құралдары бойынша жасалған мәмілелер бойынша есептесу бір тараптың қаржы құралды немесе ақшаны жеткізу бойынша міндеттемелерді орындауы басқа тараптың ақшаны немесе қаржы құралын жеткізу бойынша қарсы міндеттемелерді орындамауысыз мүмкін болмайтын «төлемге қарсы жеткізілім» принципі бойынша халықаралық (шетелдік) есептік-депозитарлық (Euroclear, Clearstream, Depository Trust & Clearing Corporation, Japan Securities Clearing Corporation ұқсас) жүйелер арқылы жүзеге асырылады.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Егер қандай да болмасын жағдайлардың нәтижесінде Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері немесе меншікті активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары портфелінің құрылымы осы Ережеде, пруденциалдық нормативтерде, инвестициялық декларацияда немесе Ұйымның (Қордың) меншікті активтерін басқару жөніндегі саясатта белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, Ұйым (Қор) осындай сәйкессіздікпен байланысты инвестициялық қызметті дереу тоқтатады және бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) іс-шаралардың атауы, олардың орындалуына жауапты Ұйымның (Қордың) басшы қызметкерлері және орындалу мерзімдері көрсетілген сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы хабарлайды.

Комитет іс-шаралар жоспарын бес жұмыс күні ішінде қарайды. Комитет іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда Ұйым (Қор) оны іске асыруға кіріседі және іс-шаралар жоспарында белгіленген іс-шаралардың орындалу мерзімдері өткен соң бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитетке іс-шаралардың орындалғаны туралы есептерді ұсынады. Іс-шаралар жоспарына Комитеттің ескертулерін алған жағдайда, Ұйым (Қор) Комитеттің іс-шаралар жоспарын қарау нәтижелері туралы хатын алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитетке түзетілген іс-шаралар жоспарын ұсынады.»;

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісі келісу комиссиясымен шартты бұзу күніне Қор, өткізіп беруші ұйым, қабылдаушы ұйым, Қордың кастодианы, Комитет үшін бір-бір данадан бес данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, Қордың, өткізіп беруші және қабылдап алушы ұйымның келісу комиссиясы мүшелерінің, бірінші басшының және бас бухгалтердің қолы қойылып және Қордың, өткізіп беруші және қабылдап алушы ұйымның мөр бедерімен расталады.

Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісінде Қордың кастодианы осы қабылдау-өткізу актісі

деректерінің дұрыстығы туралы, кастодиан банктің бірінші басшысы немесе оның Қорға кастодиандық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бөлімшесі не жетекшілік жасайтын басшы қызметкерінің қолымен және кастодиан банкі мөрінің бедерімен расталған белгісі болуы тиіс.

38. Зейнетақы активтерін қабылдау-өткізу актісі ол бекітілген күннен бастап үш жұмыс күн ішінде Комитетке ұсынылады.»;

2-қосымшаның «Консервативтік инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі» кестесінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 5.	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда: банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса; банктер «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса; банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса
------	--

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 8.	шетел ұйымдары шығарған: "Standard & Poor's" агенттігінің "A-"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар; эмитенттің бас ұйымында мынадай рейтингілік бағалардың бірі: Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы; Қазақстан Республикасының резиденттері үшін «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы болғанда мөлшері мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін эмитенттің бас ұйымның кепілдігі болатын мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар
------	--

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 9.	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар
------	--

3-қосымшаның «Орташа инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдары тізбесі» кестесінің 1-тармағында: реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 5.	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:</p> <p>банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> <p>банктер «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;</p> <p>банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> »;
------	---

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 8.	<p>Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:</p> <p>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>Шығарылымн эмитент мөлшері мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас ұйымның не «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы болғанда Қазақстан Республикасының резиденті бас ұйымның кепілдігімен жүзеге асыратын борыштық бағалы қағаздар</p> <p>"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары;</p> <p>Қазақстан Республикасы резиденттерімен Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 22-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес танылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің "Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы" 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі - № 77 қаулы) көзделген "акциялар" секторының бірінші (барынша жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымдарының акциялары</p> »;
------	---

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 9.	<p>Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:</p> <p>«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің акциялары;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар;</p> <p>«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;</p> <p>қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары;</p> <p>бұрын шығарылған бағалы қағаздарға ауыстыру мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау аясында шығарылған бағалы қағаздар не осы эмитенттің өзге де міндеттемелері.</p>
------	---

4-қосымшаның «Агрессивті инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі» кестесінде: реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 5.	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:</p> <p>банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> <p>банктер «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;</p> <p>банктердің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа</p>
------	---

рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

8. Шетел ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар:
"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;
Шығарылымн эмитент мөлшері мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар шығарудың толық көлеміне сәйкес келетін Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас ұйымның не «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы болғанда Қазақстан Республикасының резиденті бас ұйымның кепілдігімен жүзеге асыратын борыштық бағалы қағаздар
"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары;
Қазақстан Республикасы резиденттерімен Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 22-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес танылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының бірінші (барынша жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін шетел ұйымдарының акциялары

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

9. Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:
«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің акциялары;
қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар;
қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар;
«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе «Standard & Poor's» ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар;
қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына

сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздар;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары;

қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторының талаптарына сәйкес келетін басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорларының пайлары;

бұрын шығарылған бағалы қағаздарға ауыстыру мақсатында эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау аясында шығарылған бағалы қағаздар не осы эмитенттің өзге де міндеттемелері.

».

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі тамыздағы № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Ереженің мақсатында «Standard & Poor's» агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен «Moody's Investors Service» және «Fitch» агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары да танылады.

4. Тәуекел деңгейі бойынша зейнетақы активтерін мөлшерлегенде, сондай-ақ халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша рейтингтік бағасы бар болғанда өтімді активтерді айқындағанда, осы Ереженің 3-тармағына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган таныған рейтингтік агенттіктердің біреуінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік баға есепке алынады.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген сәйкес келтіру коэффициенті 10 құрайды.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қорда күнтізбелік жыл соңында Қордың К2 номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кірістілік коэффициентінің ең төменгі мәні арасында теріс айырма пайда болған жағдайда, Қор осы айырманы, Қордың кастодиан банктегі инвестициялық шотына есеп айырысу жүргізілген жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде тиісті ақша сомасын аудару арқылы меншікті капиталы есебінен өтейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдаған, Қордың К2 номиналды кіріс коэффициентінің және номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні арасында теріс айырмасы бар Қорға зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде қолданылмайды.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Қор қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервті қалыптастырады және бухгалтерлік баланста меншікті қаражат бойынша «Меншікті капитал» бөліміндегі тиісті баланс шотында есепті кезеңдегі бөлінбеген пайданың (жабылмаған шығынның) есебінен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен көрсетеді.

Міндеттемелерді және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервті есептеу және

калыптастыру № 181 Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақта және 23-тармақта белгіленген талаптар зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдаған Қорға зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде қолданылмайды.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні тиісті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен сексен бес пайызды құрайды.

Қалыпты инвестициялық портфель үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні тиісті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінің жетпіс пайызын құрайды.

Ұйымдар ұсынған К2 номиналды кіріс коэффициенті есептеулерінің негізінде уәкілетті орган ай сайын № 181 Нұсқаулықтың 27-тармағының талаптарына сәйкес және ағымдағы жылдың он бесінен кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсында:

1) барлық Қорлар бойынша К2 коэффициенті;

2) барлық Қорлар бойынша соңғы өткен толық күнтізбелік он екі, отыз алты, алпыс айдағы номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициентінің;

3) номиналды кірістің түзетілген орташа алынған коэффициентінің мәнін жариялайды.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Қор, Ұйым осы Ережелердің 1, 2, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес К1 коэффициенті, осы Ережелердің 10, 11-қосымшаларына сәйкес К2 коэффициенті мәнінің есептерін және осы Ережелердің 12-қосымшасына сәйкес пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18-00-ден кешіктірмей, осы Ережелердің қосымшаларының мынадай нысандары бойынша береді:

қағаз тасымалдауышта - 9, 10, 11-қосымшалар;

электрондық тасымалдауышта - 1, 2 (2-кесте), 6, 7 (1, 2-кестелер), 8, 10, 12-қосымшалар.

Басқарушы осы Ережелердің 13-қосымшасына сәйкес К1 коэффициенті мәнінің есептерін және осы Ережелердің 14-қосымшасына сәйкес пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18-00-ден кешіктірмей, осы Ережелердің қосымшаларының мынадай нысандары бойынша береді:

қағаз тасымалдауышта - 13-қосымша;

электрондық тасымалдауышта - 14-қосымша.

Консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша өткен ай үшін осы Ережелердің 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша өткен ай үшін осы Ережелердің 10-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Номиналды кіріс коэффициенттері туралы мәліметтер ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша осы Ережелердің 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Есептеулердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан асатын сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.»;

1-қосымшада:

«Кредиттік тәуекел» кестесінде:

реттік нөмірлері 7 және 8-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

7	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттерінің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
8	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	

реттік нөмірлері 10 және 11-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 13, 14, 15 және 16 -жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

13	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		10	
14	Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкінің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар еншілес резидент банктердегі салымдар		10	
15	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылық берілген акциялар		10	
16	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар, немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы		10	

	ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылық берілген акциялар			
--	---	--	--	--

реттік нөмірлері 19, 20, 21, 22, 23 және 24-жолдар, мынадай редакцияда жазылсын:

19	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		25	
20	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		25	
21	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		25	
22	Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банкінің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-дан «A-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар еншілес резидент банктердегі салымдар		25	
23	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-дан «A-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылық берілген акциялар		25	
24	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас		25	

	рейтингтік бағасы бар, немесе «Standard & Poor's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылық берілген акциялар				»;
--	---	--	--	--	----

реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 28	Шетелдік ұйымдар шығарған, «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ шетелдік ұйымдар шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		50		»;
------	--	--	----	--	----

8-қосымшаның «Қаржы құралының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелді (қор тәуекелін) есептеу» кестесінде реттік нөмірлері 1, 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

« 1	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,01		
2	«Standard & Poor's principal stability fund ratings» «BBBm-»-тен төмен емес немесе «Standard & Poor's Fund credit quality ratings» «BBBf-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлар пайларының құны		0,02		
3	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар акцияларының және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттардың, осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар айырбасталатын борыштық бағалы қағаздардың құны		0,03		»;

10-қосымша осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;
осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда 10-1-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-қосымшасы

«Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықтың 12-қосымшасы
Нысан

Инвестициялық басқарудағы

(жинақтаушы зейнетақы қорының қысқаша ілік септігіндегі атауы),

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын органның қысқаша ілік септігіндегі атауы)

_____ жылға
(ай атауы) (күнгізбелік жылды санмен белгілеу)

консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама

(үтірден кейін екі белгімен)

Күні	Зейнетақы жарналары, келіп түсті	Басқа қорлардан аударым жасалған	Қалыпты инвестициялық портфельден жасалған аударым	Алынған өсімпұл		Кастодиан банктің сыйақысы ¹	Төлемдер және жасалған аударымдар		Анықталғанға дейінгі сома
				зейнетақы жарналарын уақтылы аударым жасамағаны үшін	зейнетақы активтерін уақтылы инвестицияламағаны үшін		төленді	есептелді	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
күні, айы, жылы									

кестенің жалғасы

Қате есептелген сомалар бойынша міндеттемелер	Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы		Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы		«Таза» зейнетақы активтерінің ағымдық құны	Шартты бірліктердің саны ²	Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны ³	Бір күнде есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс
	есептелді	төленді	есептелді	төленді				
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Бір шартты бірліктің орташа құны (ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу) жылды (3): K_2 номиналды кіріс коэффициенті:

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Мөр орны

¹ Кастодиан банк Қордағы инвестициялық шотындағы қалдық бойынша төлеген сыйақы (мүдде).

² үтірден кейін нақты үш белгіге дейін.

³ үтірден кейін нақты жеті белгіге дейін.»

Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-қосымшасы

«Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықтың 12-1-қосымшасы

Нысан

Инвестициялық басқарудағы

(жинақтаушы зейнетақы қорының қысқаша ілік септігіндегі атауы),

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын органның қысқаша ілік септігіндегі атауы)

жылға

(ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу)

қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама

Күні	Зейнетақы жарналары, келіп түсті	Басқа қорлардан аударым жасалған	Алынған өсімшұл		Кастодиан банктің сыйақысы	Төлемдер және жасалған аударымдар		Консервативті инвестициялық портфельге жасалған аударым	Анықталғанға дейінгі сома
			зейнетақы жарналарын уақтылы аударым жасамағаны үшін	зейнетақы активтерін уақтылы инвестицияламағаны үшін		төленді	есептелді		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Қате есептелген сомалар бойынша міндеттемелер	Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы		Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы		«Газа» зейнетақы активтерінің ағымдық құны	Шартты бірліктердің саны ²	Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны ³	Бір күнде есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс
	есептелді	төленді	есептелді	төленді				
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Бір шартты бірліктің орташа құны (ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу) жылды (3): K_2 номиналды кіріс коэффициенті:

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____

(лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Мөр орны

¹Кастодиан банк Қордағы инвестициялық шотындағы қалдық бойынша төлеген сыйақы (мүдде).

² үтірден кейін нақты үш белгіге дейін.

³ үтірден кейін нақты жеті белгіге дейін.»

Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 3-қосымшасы

«Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінің 10-қосымшасы

Нысан

Инвестициялық басқарудағы

(жинақтаушы зейнетақы қорының қысқаша ілік септігіндегі атауы),

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын органның қысқаша ілік септігіндегі атауы)

жылға

(ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу)

консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама

(үтірден кейін екі белгімен)

Күні	Зейнетақы жарналары, келіп түсті	Басқа қорлардан аударым жасалған	Қалыпты инвестициялық портфельден жасалған аударым	Алынған өсімпұл		Кастодиан банктің сыйақысы ¹	Төлемдер және жасалған аударымдар		Анықталғанға дейінгі сома
				зейнетақы жарналарын уақтылы аударым жасамағаны үшін	зейнетақы активтерін уақтылы инвестицияламағаны үшін		төленді	есептелді	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
күні, айы, жылы									

кестенің жалғасы

Қате есептелген сомалар бойынша міндеттемелер	Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы		Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы		«Таза» зейнетақы активтерінің ағымдық құны	Шартты бірліктердің саны ²	Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны ³	Бір күнде есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс
	есептелді	төленді	есептелді	төленді				
11	12	13	14	15	16	17	18	19

Бір шартты бірліктің орташа құны (ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу) жылды (3): K_2 номиналды кіріс коэффициенті:

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Мөр орны

¹ Кастодиан банк Қордағы инвестициялық шотындағы қалдық бойынша төлеген сыйақы (мүдде).

² үтірден кейін нақты үш белгіге дейін.

³ үтірден кейін нақты жеті белгіге дейін.»

Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-қосымшасы

«Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінің 10-1-қосымшасы

Нысан

Инвестициялық басқарудағы

(жинақтаушы зейнетақы қорының қысқаша ілік септігіндегі атауы),

(зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын органның қысқаша ілік септігіндегі атауы)

_____ жылға
(ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу)

қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама

Күні	Зейнетақы жарналары, келіп түсті	Басқа қорлардан аударым жасалған	Алынған өсімпұл		Кастодиан банктің сыйақысы	Төлемдер және жасалған аударымдар		Консервативті инвестициялық портфельге жасалған аударым	Анықталғанға дейінгі сома
			зейнетақы жарналарын уақтылы аударым жасамағаны үшін	зейнетақы активтерін уақтылы инвестицияламағаны үшін		төленді	есептелді		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Қате есептелген сомалар бойынша міндеттемелер	Зейнетақы активтерінің комиссиялық сыйақысы		Инвестициялық кірістен түскен комиссиялық сыйақы		«Таза» зейнетақы активтерінің ағымдық құны	Шартты бірліктердің саны ²	Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны ³	Бір күнде есептелген зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс
	есептелді	төленді	есептелді	төленді				
	11	12	13	14				
	15	16	17	18				
19								

Бір шартты бірліктің орташа құны (ай атауы) (күнтізбелік жылды санмен белгілеу) жылды (3): K_2 номиналды кіріс коэффициенті:

Бірінші басшы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы _____ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Мөр орны

¹Кастодиан банк Қордағы инвестициялық шотындағы қалдық бойынша төлеген сыйақы (мүдде).

² үтірден кейін нақты үш белгіге дейін.

³ үтірден кейін нақты жеті белгіге дейін.»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 24 тамыз

№ 233

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5223 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2008 жылғы 6 маусымда № 85 (1311) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен белгіленген Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын Талаптарда:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Талаптардың мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы кәсіпорын (Special purpose vehicle) - шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрылған, қызметінің жалғыз түрі өзінің жеке құрылтайшысының (қатысушысы, акционері) - осы немесе басқа мемлекеттің заңды тұлғасының кепілдігіне қаржы тарту, соның ішінде борыштық бағалы қағаздар шығару және орналастыру болып табылатын заңды тұлға;

2) арнайы қаржы компаниясы – жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру мәмілелерін жүзеге асыру үшін оның пайдасына талап ету құқығы берілетін «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын заңды тұлға;

3) борыштық бағалы қағаз - шығару шарттарымен бекітілген көлем мен мерзімде, оның иесіне эмитенттен негізгі борыштың сомасын алуға құқығын растайтын бағалы қағаз;

4) жергілікті атқару органдарының облигациялары - республикалық маңызы бар қала, астана жергілікті атқару органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) рұқсат беру бастамашысы - бастамасы бойынша бағалы қағаздар қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін (жіберілетін) эмитент не қаржы орталығының қатысушысы (қор биржасының мүшесі);

6) индекстік қор - активтері осы инвестициялық қор үшін базалық болып табылатын белгілі бір қор индексінің өкілдік тізіміне кіретін ұқсас қаржы құралдарынан тұратын инвестициялық қор;

7) исламдық бағалы қағаздар - исламдық жалға алу сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары;

8) қаржылық емес ұйым – қаржылық ұйым болып табылмайтын ұйым («Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалғандай);

9) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімі - бағалы қағаздар және бағалы қағаздардың эмитенттері аталған тізімге ену үшін және онда болу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізімі;

10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

11) листингтік компания - бағалы қағаздары ресми тізімге енгізілген заңды тұлға;

12) маркет-мейкер - қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес бағалы қағаздардың баға кесімін қолдау және ұдайы жариялау бойынша өзіне міндеттеме қабылдаған, қор биржасында маркет-мейкер ретінде танылған қор биржасының мүшесі;

13) ресми тізімінің секторы – осы секторы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздар енгізілетін қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің бөлігі;

14) сауда алаңы - ресми тізіміне енгізілген (қор биржасында айналымға жіберілген) қаржы құралдарының жекелеген түрлерімен мәмілелер жасалатын қор биржасының бағдарламалық - техникалық кешенінің бөлігі;

15) индекстің өкілдік тізімі - параметрлері қор биржасының сол немесе өзге индикаторларын есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың тізімі;

16) үлестік бағалы қағаз - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, мүліктің белгілі үлесіне оның иесіне құқығын растайтын бағалы қағаз;

17) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау – эмитенттің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте бекітілген қайта құрылымдау жоспары негізінде не «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіпте бекітілген сауықтыру жоспарымен іске асыратын әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастырушы-техникалық және басқа іс-шаралар және рәсімдер кешені.

2. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Нарық туралы заң) және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, оның ішінде базалық активі Нарық туралы заңға және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздар енгізіледі (жіберіледі).

Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығының айналымына, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (жіберілген) шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жіберіледі.

Ресми тізімі мынадай секторлардан тұрады:

- 1) акциялар;
- 2) борыштық бағалы қағаздар;
- 3) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;
- 4) депозитарлық қолхаттар;
- 5) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
- 6) мемлекеттік бағалы қағаздар;
- 7) туынды бағалы қағаздар;
- 8) исламдық бағалы қағаздар.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің секторлары жеке санаттарға және шағын санаттарға бөлінеді.

Қор биржасының ішкі құжаттары осы тармақта көрсетілген ресми тізімінің секторларынан басқа, қосымша секторлардың қызмет етуін көздей алады»;

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің бірінші санаты (ең жоғарғы) бойынша «акциялар» секторына эмитент акцияларын енгізу және онда болу үшін аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитентті мемлекеттік тіркеу оның акцияларын ресми тізімге енгізу туралы өтініш беруден бұрын кем дегенде үш жыл ішінде жүзеге асырылған. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес ұйымның (ұйымдардың) жүзеге асыру мерзімі үшін, қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылғанда, сынақ жасалуы мүмкін.

Егер қор биржасының ішкі құжаттарында жүз пайыздық акциялары мемлекетке немесе ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін қызмет ету мерзіміне кем дегенде үш жыл болуы бойынша талап қойылған жағдайда, Талаптардың 4-тармағының 4) және 6) тармақшаларында белгіленген талаптар олардың іс жүзінде қызмет ету мерзіміне байланысты қолданылады;

2) эмитент қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards) (бұдан әрі - ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарға (International Accepted Accounting Principles) (бұдан әрі - АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қаржы құралдарын Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2009 жылғы 20 қазандағы № 04.2-44/172 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5223 тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы) қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

4) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткен соң берілсе соңғы үш аяқталған қаржылық жылынан;

егер осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржылық жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілсе соңғы аяқталған қаржылық жылдан кейінгі қатарынан үш аяқталған қаржылық жылынан кем емес аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржылық жыл үшін соңғы қаржылық есептілікті жасаған күннен бастап осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш берген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептіліктің толық жиынтығы) бойынша есеп береді.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы ұсынылған эмитенттің соңғы қаржылық есептілігін құру күнінен, аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған, осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш беру күнге дейін алты ай өтуі тиіс;

5) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым бар болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес оның жарғылық капиталынан кем болмайды. Бұл ретте эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған эмитенттің қаржылық есептілігіне (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) сегіз миллион бес жүз алпыс мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Осы санаттағы акциялар сауда-саттығы ашылған күннен бастап алты айдан кейін қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес анықталатын осы акциялар эмитентінің нарықтық капиталдандырылуы АЕК-тың сегіз миллион бес жүз алпыс мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы сома болуы тиіс.

Осы тармақшаның екінші абзацының талаптары ресми тізімге артықшылықты акцияларды енгізген жағдайда қолданылмайды.

Акциялар қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің осы санатында болған кезде уәкілетті орган белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативті сақтаған жағдайда қаржы ұйымының меншікті капиталының төмендеуіне жол беріледі;

б) соңғы әрбір үш жыл ішіндегі акциялар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес таза пайда сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Акциялар ресми тізімінің осы санатында болған кезде, әрбір жылға АЕК-тың сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайтын, аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептілік күнгі қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес соңғы үш жылдың екі жылында акциялар эмитентінің таза пайдасы бар болуына жол беріледі.

7) еркін айналымдағы акциялар саны осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап алты ай өткен соң осы түрде орналастырылған (эмитент сатып алғандарды, ауыртпалық салынғандарды және (немесе) оқшауланғандарды қоспағанда) акцияларының жалпы санының кем дегенде он пайызын, осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап бір жыл өткен соң - он бес пайызын және осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап екі жыл өткен соң жиырма бес пайызын құрайды.

Еркін айналымдағы акциялар санына «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын тұлғаларға тиесілі акциялар енгізілмейді.

Акцияларының елуден астам пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингтерге тиесілі ұйымдар үшін акцияларын ресми тізімге енгізу күніне еркін айналымдағы акциялар саны бойынша талап осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап алты ай өткен соң орналасқан акциялар санының кем дегенде бес пайызын, осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап бір жыл өткен соң - он пайызын құрайды.

Еркін айналыстағы акциялар санын есептеу осы эмитенттің жай және артықшылығы бар акциялары бойынша дербес жүзеге асырылады;

8) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы, егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеу елі заңнамасында көзделген жағдайда;

9) акцияларды ресми тізімнің осы санатына енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің біреуі осы акциялар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін тағайындау туралы өтініш береді, ал олардың осы санатта болуы кезінде маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады;

10) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы.

5. Эмитент акцияларын қор биржасының ресми тізімінің екінші (ең жоғарғы) санаты бойынша «акциялар» секторына енгізу және оларды онда болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті келесі талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1) эмитентті мемлекеттік тіркелуі оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш берген күнге дейін кем дегенде екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған ұйымның (ұйымдардың) жұмыс істеу мерзімі есепке алу жүргізіледі.

Егер қор биржасының ішкі құжаттарында акцияларының жүз пайызы мемлекетке немесе ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін кемінде екі жыл жұмыс істеу мерзімі ретінде талап қойылса, онда осы тармақтың 4) және 6) тармақшаларында белгіленген талаптар осы ұйымдардың нақты жұмыс істеу мерзіміне байланысты қолданылады;

2) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

4) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткен соң берілген болса, аяқталған соңғы екі қаржы жылынан;

егер акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілген болса, аяқталған соңғы қаржы жылынан кейінгі қатарынан аяқталған екі қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылының соңғы қаржылық есептілік жасалған күннен бастап, акцияларды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп береді.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған эмитенттің қаржылық есептілігін жасалған күнінен бастап акцияларды осы санатқа енгізу туралы өтінішті беру

күнге дейін алты айдан аспауы тиіс;

5) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес оның жарғылық капиталынан кем болмайды. Бұл ретте эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың жүз жетпіс бір мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Осы санаттағы акциялар сауда-саттығы ашылған күннен бастап алты ай өткен соң қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес анықталатын осы акциялар эмитентінің нарықтық капиталдандырылуы АЕК-тың бір жүз жетпіс бір мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Осы тармақшаның екінші абзацының талаптары ресми тізімге артықшылықты акцияларды енгізген жағдайда қолданылмайды.

Акциялар қор биржасының ресми тізімінің осы санатында болған кезде уәкілетті орган белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативті сақтаған жағдайда қаржы ұйымының меншікті капиталының төмендеуіне жол беріледі;

6) соңғы екі жылдың біреуіндегі акциялар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес таза пайданың болуы;

7) еркін айналымдағы акциялар саны осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап алты ай өткен соң орналасқан осы түрдегі (эмитент сатып алғандарды, ауыртпалық салынғандарды және (немесе) оқшауланғандарды қоспағанда) акцияларының жалпы санының кем дегенде бес пайызын, осы акциялармен сауда-саттығы ашылған күннен бастап бір жыл өткен соң - он пайызын және осы акциялармен сауда-саттығы ашылған күннен бастап екі жыл өткен соң - он бес пайызын құрайды.

Еркін айналымдағы акциялар санына «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын тұлғаларға тиесілі акциялар кірмейді.

Акцияларының елуден астам пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін акцияларын ресми тізімге енгізу күніне, еркін айналымдағы акциялар саны бойынша талап осы акциялармен сауда-саттық ашылған күннен бастап алты ай өткен соң орналастырылған акциялар санының кем дегенде бес пайызын құрайды.

Еркін айналымдағы акциялар санын есептеу осы эмитенттің жай және артықшылықты акциялары бойынша бөлек жүзеге асырылады;

8) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе егер оның болуы эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елі заңнамасында көзделген жағдайда эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

9) акцияларды ресми тізімнің осы санатына енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің біреуі осы акциялар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін тағайындау туралы өтініш береді, ал олардың осы санатта болуы кезінде маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады;

10) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы.

6. Эмитент акцияларын қор биржасының ресми тізімінің үшінші (ең жоғарғы санатынан кейінгі) санаты бойынша «акциялар» секторына енгізу және оларды онда болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

2) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

3) рұқсат беру бастамашысы эмитенттің соңғы аяқталған қаржы жылы немесе эмитент бір жылдан

кем қызметін жүзеге асырған жағдайда, нақты жұмыс істеу кезеңі үшін аудиторлық есеппен расталған, эмитенттің қаржылық есептілігін береді.

Рұқсат беру бастамашысының акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініші соңғы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі алғашқы төрт ай ішінде қор биржасымен осы акциялар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті берусіз қабылданады, эмитентте мына құжаттардың біреуі бар болған жағдайда:

соңғы аяқталған қаржы жылынан кейінгі жыл үшін аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілік, сондай-ақ жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашысы көрсетілген өтінішті берген күнге дейін алты айдан астам уақыт өтпеген, аралық қаржы ақпаратының шолуы (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп, не жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашысы көрсетілген өтінішті берген күнге дейін алты айдан астам уақыт өтпеген, аудиторлық есеппен расталған, осы эмитенттің аралық қаржылық есептілігі;

4) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың елу бір мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

5) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе егер оның болуы эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген жағдайда эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

6) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Осы қаулының 4-тармағының 3) тармақшасының, 5-тармағының 3) тармақшасының және 6-тармағының 2) тармақшасының талаптары мынадай жағдайлардың бірінде қолданылмайды:

1) бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «акциялар» секторына енгізілетін (кіретін) Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент мынадай халықаралық аудиторлық ұйымдарының Deloitte Touche Tohmatsu, PricewaterhouseCoopers, Ernst & Young немесе KPMG біреуінде жасалған, осы эмитенттің орналасқан елінде тіркелген аудиторлық есеп бергенде;

2) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің акциялар секторына енгізілетін (кіретін) Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттің акциялары Дүниежүзілік биржалар федерациясы (The World Federation of Exchanges) құрамына кіретін шетел қор биржасында еркін айналыста болған, сондай-ақ осы шетел қор биржасы таныған аудиторлық ұйымдардың біреуімен аудиторлық есеп ұсынғанда.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатына эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын енгізу және олардың онда болуы үшін, осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) рейтингілік бағалары уәкілетті органымен танылатын рейтингілік агенттіктердің тізбесіне кіретін рейтингілік агенттіктердің бірімен борыштық бағалы қағазына рейтингілік баға берілді. Рейтингілік бағасы уәкілетті орган белгілеген деңгейден төмен емес. Бұл ретте қор биржасы соңғы он екі ай ішінде берілген (расталған, жаңартылған) сол рейтингілік бағаға ғана назар аударады. Бірнеше рейтингілік агенттіктер берген рейтингілік бағалар бар болғанда, осы бағалардың соңғысына назар аударылады;

2) эмитентті мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш берген күнге дейін кемінде екі жыл уақыт ішінде жүзеге асырады. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес оны (оларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған ұйымның (ұйымдардың) қызмет атқару мерзіміне сынақ жүргізіледі.

Егер, қор биржасының ішкі құжаттарымен акцияларының жүз пайызы (жарғы капиталына қатысу үлестері) мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін екі

жылдан кем қызмет атқару мерзіміне қойылатын талап белгіленсе, онда осы тармақтың 5) тармақшасында белгіленген талап осы ұйымдардың нақты қызмет ету мерзіміне байланысты қолданылады;

3) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

4) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

5) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткеннен кейін берілген болса, аяқталған соңғы екі қаржы жылынан;

егер акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілген болса, аяқталған соңғы қаржы жылынан кейінгі қатарынан аяқталған екі қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылының соңғы қаржылық есептілігі жасалған күннен бастап, борыштық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есепті береді.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған эмитенттің қаржылық есептілігін жасау күнінен бастап борыштық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтінішті беру күніне дейін алты айдан аспауы тиіс;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе егер оның болуы эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген жағдайда эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

7) борыштық бағалы қағаздарды ресми тізімнің осы санатына енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің біреуі осы борыштық бағалы қағаздар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін тағайындау туралы өтініш береді, ал олардың осы санатта болуы кезінде маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады;

8) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.»;

10, 10-1 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының «бірінші шағын санаттың рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» шағын санатына енгізу үшін, инфрақұрылымдық облигацияларды, қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімін және олардың сонда болуын қоспағанда, осындай бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитенттің мемлекеттік тіркелуі оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш берген күнге дейін кем дегенде екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған ұйымның (ұйымдардың) қызмет атқару мерзіміне сынақ жүргізіледі.

Егер қор биржасының ішкі құжаттарында акцияларының (жарғы капиталына қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін екі жылдан кем қызмет атқару мерзімі талабы белгіленген болса, осы тармақтың 4), 6) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптар осы ұйымдардың нақты қызмет ету мерзіміне байланысты қолданылады;

2) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына

жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

4) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткен соң берілген болса, соңғы аяқталған екі қаржы жылынан;

егер борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу жөніндегі өтініш аяқталған соңғы қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілген болса, соңғы аяқталған қаржы жылынан кейінгі қатарынан аяқталған екі қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылының соңғы қаржылық есептілігі жасалған күннен бастап, борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есепті береді.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған эмитенттің қаржылық есептілігін жасау күнінен бастап борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу туралы өтінішті беру күніне дейін алты айдан аспауы тиіс;

5) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған эмитенттің қаржылық есептілігіне (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес оның жарғылық капиталынан кем болады. Бұл ретте эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Борыштық бағалы қағаздар ресми тізімнің осы шағын санатында болған кезде уәкілетті орган белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативті сақтаған жағдайда қаржы ұйымының меншікті капиталының төмендеуіне жол беріледі;

6) соңғы екі жылдың біреуіндегі эмитенттің таза кірісі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

7) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша АЕК-тың екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Егер облигация эмитенті соңғы аяқталған қаржы жылының төртінші тоқсаны немесе өтініш берген жылдың бірінші тоқсаны ішінде басқа ұйымдарға бақылауды алған болса, оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы мәселе аудиторлық есеппен расталған, көрсетілген кезеңдегі оның сату көлемі осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес болатын аралық қаржылық есептілігінің (ағымдағы жылдың алты немесе тоғыз айындағы) деректері негізінде қарастырылады;

8) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе егер оның болуы эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген жағдайда эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

9) борыштық бағалы қағаздарды ресми тізімнің осы шағын санатына енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің біреуі осы борыштық бағалы қағаздар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін тағайындау туралы өтініш береді, ал олардың осы шағын санатта болуы кезінде маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады;

10) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

10-1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының борыштық бағалы

қағаздарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатына енгізу және олардың сонда болуы үшін осы борыштық бағалы қағаздар және олардың эмитенті осы Талаптардың 8-тармағының 1), 3), 6) және 8) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының борыштық бағалы қағаздарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатының «бірінші шағын санаттың рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» шағын санатына енгізу және олардың сонда болуы үшін осы борыштық бағалы қағаздар және олардың эмитенті осы Талаптардың 10-тармағының 2), 8) және 10) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы ашатын ақпараттың тізбесі қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалады.

11. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының «екінші шағын санаттың рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санатынан кейінгі)» шағын санатына енгізу және олардың сонда болуы үшін осындай бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитенттің мемлекеттік тіркелуі оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш берген күнге дейін кем дегенде бір жыл ішінде жүзеге асырылады. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған ұйымның (ұйымдардың) қызмет атқару мерзіміне сынақ жүргізіледі.

Егер қор биржасының ішкі құжаттарында акцияларының (жарғы капиталына қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін бір жылдан кем қызмет атқару мерзімі талабы белгіленген болса, осы тармақтың 4), 6) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптар осы ұйымдардың нақты қызмет ету мерзіміне байланысты қолданылады;

2) эмитент ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

4) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу жөніндегі өтініш аяқталған соңғы қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткен соң берілген болса, аяқталған соңғы қаржы жылынан;

егер борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу жөніндегі өтініш аяқталған соңғы қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілген болса, соңғы аяқталған қаржы жылынан кейінгі аяқталған қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылының соңғы қаржылық есептілігі жасалған күннен бастап, борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есепті береді.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған эмитенттің қаржылық есептілігін жасау күнінен бастап борыштық бағалы қағаздарды осы шағын санатқа енгізу туралы өтінішті беру күніне дейін алты айдан аспауы тиіс;

5) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес оның жарғылық капиталынан кем болады. Бұл ретте эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Борыштық бағалы қағаздар ресми тізімнің осы шағын санатында болған кезде уәкілетті орган

белгілеген меншікті капитал жеткіліктілігі бойынша пруденциалдық нормативті сақтаған жағдайда қаржы ұйымының меншікті капиталының төмендеуіне жол беріледі;

6) эмитенттің аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі, аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес таза пайданың болуы;

7) лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылының сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша АЕК-тың үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды.

Егер облигация эмитенті соңғы аяқталған қаржы жылының төртінші тоқсаны немесе өтініш берген жылдың бірінші тоқсаны ішінде басқа ұйымдарға бақылауды алған болса, оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы мәселе аудиторлық есеппен расталған аралық қаржылық есептілігінің (ағымдағы жылдың алты немесе тоғыз айындағы) деректері негізінде қарастырылады, оған сәйкес көрсетілген кезеңдегі оның сату көлемі осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкес болады;

8) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы, Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің болуы немесе егер оның болуы эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елі заңнамасында көзделген жағдайда эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелу елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

9) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы.»;

11-2 және 11-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11-2. Исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің «исламдық бағалы қағаздар» секторының «исламдық жалға алу сертификаттары» санатына енгізу және олардың сонда болу үшін осы бағалы қағаздар, олардың эмитенті және оригинатор мына талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитент акционерлік қоғам не жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады;

2) оригинаторды мемлекеттік тіркеу исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті берген күнге дейінгі кем дегенде екі жыл бұрын жүзеге асырылған. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қайта ұйымдастыру нәтижесінде оригинатор құрылған ұйымның (ұйымдардың) жұмыс істеу мерзімін есепке алу жүргізілуі мүмкін;

3) рейтингтік бағасын уәкілетті органымен танылатын рейтингтік агенттіктердің тізбесіне кіретін рейтингтік агенттіктердің біреуімен исламдық бағалы қағазға және оригинаторға рейтингтік баға берілді.

Оригинаторда «BB-» төмен емес рейтингтік бағасы (Standard & Poor's және Fitch рейтингтік агенттіктердің жіктеуі бойынша) немесе «Ba3» төмен емес (Moody's Investors Service рейтингтік агенттіктің жіктеуі бойынша) не Standard & Poor's, Fitch және (немесе) Moody's Investors Service рейтингтік агенттіктердің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдің рейтингтік бағасы бар.

Бұл ретте қор биржасы соңғы он екі ай ішінде берілген (расталған, жаңартылған) сол рейтингтік бағаға ғана назар аударады. Бірнеше рейтингтік агенттіктер берген рейтингтік бағалар бар болған кезде, осы бағалардың соңғысына назар аударылады;

4) оригинатор ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

5) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай өткен соң берілген болса, аяқталған соңғы екі қаржы жылынан;

егер исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталу күнінен бастап төрт ай ішінде берілген болса, аяқталған соңғы қаржы жылынан кейінгі қатарынан аяқталған екі қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған оригинатордың қаржылық есептілігін ұсынады.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (оригинатордың аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған,

оригинатордың қаржылық есептілігін жасау күнінен бастап исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтінішті берген күнге дейін алты айдан аспауы тиіс.

аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылының қаржылық есептілігі жасалған күннен бастап исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (оригинатордың аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есепті береді;

Оригинатордың қаржылық есептілігінің аудитін (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілік) қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың біреуі жүргізеді;

6) оригинатордың меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес оның жарғылық капиталынан кем болмайды. Бұл ретте оригинатордың меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған оригинатордың қаржылық есептілігіне (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес АЕК-тың жүз жетпіс бір мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

7) аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне қаржылық есептілікке (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес соңғы екі жылдың біреуі үшін таза кірісінің бар болуы;

8) исламдық бағалы қағаздарды шығару проспектісін оригинатордың исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілген;

9) оригинатордың левередж мөлшері аудиторлық есеппен расталған соңғы есептік күніне жасалған қаржылық есептілікке сәйкес екіден аспайды;

10) рұқсат беру бастамашысы (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) эмитенттің соңғы есептік күніне ҚЕХС сәйкес жасалған және қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымның аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілікті береді;

11) құрылтайшы эмитенттің жарғылық капиталын толығымен төледі;

12) бөлінген активтердің құрамына кіретін мүліктің объектілері исламдық бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу туралы өтініш берілген не оригинатор мен эмитент арасында бөлінген активтерді құрайтын мүліктің объектілерін исламдық бағалы қағаздардың айналыста болу мерзіміне жалға (қаржы лизингіне) беру туралы шарт жасалған күнге дейінгі екі жыл ішінде жалға (қаржы лизингіне) беріледі;

13) эмитенттің бөлінген активтерін бағалау қор биржасымен танылатын бағалаушылардың тізбесіне кірген бағалаушылардың біреуімен жүргізіледі;

14) бөлінген активтер бойынша кірістердің кемінде жетпіс бес пайызын мүлікті жалға (қаржы лизингіне) беру нәтижесінде алынған кірістер құрайды;

15) бөлінген активтер құрамына кіретін мүліктің объектілеріне ауыртпалық салынбаған болуы тиіс;

16) акционерлік қоғамдарға қатысты эмитент акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

17) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

11-3. Исламдық бағалы қағаздарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «исламдық бағалы қағаздар» секторының «исламдық қатысу сертификаттары» санатына енгізу және олардың сонда болуы үшін осы бағалы қағаздар, олардың эмитенті және оригинатор мына талаптарға сәйкес келеді:

1) Талаптардың 11-2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 16) және 17) тармақшаларында көзделген талаптар;

2) эмитент қолданыстағы инвестициялық жобаны дамытуға шығарудан тартылған қаражатты кейіннен пайдалану мақсатында исламдық бағалы қағаздарды шығару үшін құрылған заңды тұлға болып табылады;

3) инвестициялық жобада ақшалай қаражатты жинақтайтын объектінің (қаражат көзінің) және осы ақшалай қаражатты бөлу механизмінің, сондай-ақ инвестициялық жоба шығындарының негізгі

көздерінің бар екенін болжайтын ақшалай қаражат қозғалысының айқын схемасы бар;

4) инвестициялық жобаның рентабельділігі оның жобалық құжаттамасына сәйкес оң шамаға жатады;

5) оригинатор инвестициялық жобаға енгізген мүліктің бағасы қор биржасы таныған бағалаушылардың тізбесіне кіретін бағалаушылардың біреуімен жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 11-4-тармақпен толықтырылсын:

«11-4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған, ұйымның дауыс беретін акцияларының жүз пайызына иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигациялары қаржы секторының арнайы сауда алаңы ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы бар борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)» санатына енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған, ұйымның дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымның облигацияларын қаржы секторының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізу және олардың сонда болуы үшін осы облигациялар және олардың эмитенті Талаптардың 8-тармағының 3) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Инфрақұрылымдық облигациялар қаржы секторының арнайы сауда алаңы ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар екінші шағын санатына» (ең жоғарғы санатынан кейінгі) шағын санатына енгізіледі.

Инфрақұрылымдық облигацияларды ресми тізімнің осы шағын санатына енгізу және сонда болу үшін осы облигациялар және олардың эмитенті осы Талаптардың 11-тармағының 2), 3), 8), және 9) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.»;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Талаптардың 8-тармағының 4) тармақшасындағы, 10-тармағының 3) тармақшасындағы және 11-тармағының 3) тармақшасындағы талаптар мынадай жағдайлардың бірінде қолданылмайды:

1) бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңы ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілетін (кіретін) Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент халықаралық аудиторлық ұйымдарының Deloitte Touche Tohmatsu, PricewaterhouseCoopers, Ernst & Young немесе KPMG біреуінде жасалған, осы эмитенттің орналасқан елінде тіркелген аудиторлық есеп бергенде;

2) қаржы орталығының арнайы сауда алаңы ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторына енгізілетін (жіберілетін) Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттің облигациялары Дүниежүзілік биржалар федерациясы (The World Federation of Exchanges) құрамына кіретін шетел қор биржасында еркін айналыста болғанда, сондай-ақ осы шетел қор биржасы таныған аудиторлық ұйымдардың біреуімен аудиторлық есеп ұсынғанда.»;

13-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13-5. Эмитент (рұқсат беру бастамашысы) қор биржасының жазбаша хабарламасын алған күннен не эмитентті және оның бағалы қағаздарын Талаптардың 13-1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін негіздемелер туындаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қор биржасының атына эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан басқа, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) бекіткен эмитенттің бағалы қағаздарын осы қаулының 13-1-тармағында көзделген «буферлік санат» санатына аударым жасаудың негіздемелерін жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) жібереді.

Қор биржасы іс-шаралар жоспарын алған күні оны өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

Іс-шаралар жоспары: эмитент қызметінің қысқаша сипаттамасын;

2) эмитенттің бағалы қағаздарын «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін негіздемелер туындауының негізгі себептерін;

3) қаржылық ахуалды қалпына келтіруге бағытталған эмитенттің орындауға болжанған негізгі іс-шараларын;

4) іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың әрқайсысының орындау мерзімдерін;

5) эмитенттің негізгі қаржылық көрсеткіштерінің болжамын;

б) іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалуына жауапты тұлғалардың тізбесін қамтиды.

Эмитенттің іс-шаралар жоспарына қатысты қосымша талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар қайта құрылымдау процесінде тұрған және елу пайыздан көп орналастырылған акциялары тікелей немесе жанама мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингіне тиесілі екінші деңгейдегі банктерге қолданылмайды.

Қайта құрылымдау процесінде тұрған және елу пайыздан көп орналастырылған акциялары тікелей немесе жанама мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингіне тиесілі екінші деңгейдегі банкті және оның бағалы қағаздарын «буферлік санат» санатына аударым жасау екінші деңгейдегі банктің атқарушы органының бірінші басшысы (атқару органы функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) не аталған екінші деңгейдегі банктің бірінші басшысының міндетін атқаратын тұлға (атқару органы функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) қол қойған өтініштің негізінде, осы аударым жасауды қор биржасының директорлар кеңесі мақұлдаған кезде жүргізіледі.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне инвестициялық қордың акциялары мен пайларын енгізу үшін және онда болу үшін, осы бағалы қағаздар, сондай-ақ инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор, егер оның инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы не болмаса заңды тұлға ретінде инвестициялық қордың тіркеу елінің заңнамасымен көзделген тиісті құжаты болса (бұдан әрі - инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор) мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) инвестициялық қордың бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу елінің заңнамасына сәйкес олар шығарған бағалы қағаздар қор биржасының сауда-саттық жүйесінде орналастырылуына және айналымда болуына рұқсат беріледі;

2) инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) ресми тізімнің осы секторына бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш берілген күніне инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор инвестициялық портфельді басқаруға лицензия немесе заңды тұлға ретінде инвестициялық қордың тіркеу елінің заңнамасымен көзделген тиісті құжатты алған күннен бастап бір жылдан кем емес уақыт өтті;

4) рұқсат беру бастамашысы соңғы толық аяқталған қаржы жылы не нақты жұмыс істеу кезеңі үшін аудиторлық есеппен расталған, инвестициялық қорды басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілігін береді.

Соңғы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі алғашқы төрт ай ішінде рұқсат беру бастамашысының инвестициялық қордың бағалы қағаздарын осы секторға енгізу жөніндегі өтінішін қор биржасы инвестициялық қорды басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілігін берусіз қабылдайды, оларда мыналар бар болған жағдайда:

соңғы аяқталған қаржы жылынан кейінгі жыл үшін аудиторлық есеппен расталған, қаржылық есептілік, сондай-ақ жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашысы аталған өтінішті берген күнге дейін алты айдан астам өткен, аралық қаржы ақпаратының шолуы (инвестициялық қордың басқарушы компаниясының немесе акционерлік инвестициялық қордың аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп немесе жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашысы аталған өтінішті берген күнге дейін алты айдан астам өткен, аудиторлық есеппен расталған, осы инвестициялық қорды басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың аралық қаржылық есептілігі;

5) инвестициялық қорды басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың меншікті капиталы жарғы капиталынан кем болмайды және соңғы есептік күніне аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілікке (еншілес ұйымы (еншілес ұйымдары) – шоғырландырылған қаржылық есептілігі болған жағдайда) сәйкес АЕК-тың төрт жүз мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы сомасын құрайды;

б) инвестициялық қорды басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілігінің аудитін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары туралы бұйрығымен бекітілген қаржылық құралдарды қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу

үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарға жауап беретін аудиторлық ұйым жүзеге асырады;

7) инвестициялық қордың болуының барлық мерзімі ішінде оның басқарушы компаниясында немесе инвестициялық қорда бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындамау немесе уақтылы орындамау жағдайлары болған жоқ;

8) ресми тізімнің осы секторына бағалы қағаздарды енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің бірі оған осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініш беруі тиіс, ал олардың ресми тізімде болуы кезінде олар бойынша маркет-мейкердің бар болуы міндетті;

9) соңғы есептік күніне инвестициялық қордың таза активтерінің құны аудиторлық есеппен расталған не инвестициялық пай қоры бойынша арнайы мақсаттағы аудиторлық есепке сәйкес басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілігіне сәйкес АЕК-тың екі жүз он бес мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы сомасын құрауы тиіс.

Егер ресми тізімге енгізу күнінде осы инвестициялық қордың орналастырылған бағалы қағаздары жоқ болған жағдайда, таза активтердің құны бойынша осы тармақшаның талаптары инвестициялық қордың осы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылған күннен бастап үш айдан кейін қолданылады;

10) инвестициялық қордың бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны осы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылған күннен бастап үш ай өткен соң елуден кем емес болуы тиіс;

11) инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор, қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық қордың инвестициялық декларациясын ашуды жүзеге асырады;

12) басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың құрылтай құжаттарында бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалардың болмауы;

13) акционерлік инвестициялық қордың мемлекеттік тіркелуі оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу жөніндегі өтініші берілген күнге дейінгі бір жылдан кем емес бұрын жүзеге асырылған;

14) акционерлік инвестициялық қордың активтерін бағалау қор биржасы таныған бағалаушылардың тізбесіне кіретін бағалаушының біреуімен жүргізіледі.

Осы тармақша Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік инвестициялық қорға қолданылады;

15) жұмыс істеуінің әрбір жылы үшін акционерлік инвестициялық қордың аудиторлық есеппен расталған, соңғы есептік күндегі қаржылық есептілікке (еншілес ұйымы (еншілес ұйымдары) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есептілікке) сәйкес таза пайдасының бар болуы;

16) акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің бар болуы.»;

14-2 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14-2. Талаптардың 14-тармағының 13) тармақшасында және 14-1-тармағының 3) және 7) тармақшаларында көзделген талаптар рейтингілік бағасын уәкілетті орган танитын рейтингілік агенттіктердің тізбесіне кіретін рейтингілік агенттіктердің біреуінің рейтингілік бағасы бар жылжымайтын мүлік қорына қолданылмайды.

15. Индекстік қордың бағалы қағаздарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «инвестициялық қордың бағалы қағаздары» секторына енгізу және олардың сонда болуы үшін индекстік қор мен оның бағалы қағаздары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) Талаптардың 14-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көзделген;

2) индекстің өкілдік тізіміне кіретін бағалы қағаздар уәкілетті орган таныған биржалардың тізбесіне кіретін қор биржаларының ішіндегі біреуінің ресми тізіміне енгізілгенде.»;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

«15-1. Талаптардың 14-тармағының 6) тармақшасындағы талаптар мынадай жағдайлардың бірінде қолданылмайды:

1) бағалы қағаздары қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін (кіретін) Қазақстан Республикасының резиденті емес инвестициялық қордың басқарушы компаниясы немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес акционерлік инвестициялық қоры халықаралық аудиторлық ұйымдарының Deloitte Touche Tohmatsu, PricewaterhouseCoopers, Ernst & Young немесе KPMG біреуінде

жасалған, осы эмитенттің орналасқан елінде тіркелген аудиторлық есеп бергенде;

2) қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне енгізілетін (кіретін) Қазақстан Республикасының резиденті емес басқарушы компаниямен құрылған және (немесе) басқарушы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес акционерлік инвестициялық қорының бағалы қағаздары Дүниежүзілік биржалар федерациясы (The World Federation of Exchanges) құрамына кіретін шетел қор биржасында еркін айналыста болғанда, сондай-ақ осы шетел қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың біреуімен аудиторлық есеп ұсынғанда.»;

16, 17, 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «депозитарлық қолхаттар» секторының айналымына базалық активі Нарық туралы заңына және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған акция болып табылатын депозитарлық қолхаттар енеді.

Ресми тізімнің осы секторына депозитарлық қолхаттарды енгізу талаптар, осы Талаптардың [5-тармағында](#) белгіленген, базалық актив болып табылатын акцияларға қатысты және оның эмитентіне қолданылады.

17. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторындағы айналысқа халықаралық қаржы ұйымдарының мынадай талаптарға сәйкес келетін эмиссиялық бағалы қағаздары жіберіледі:

1) олардың есебі орталық депозитарийдің есеп жүйесінде жүзеге асырылуы;

2) ресми тізімнің осы секторына бағалы қағаздарды енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің бірі оған осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініш береді, ал олардың осы секторда болу кезінде олар бойынша маркет-мейкердің міндетті бар болуы.

Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа жіберілетін халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін уәкілетті органның келісімі бойынша қор биржасы белгілейді.

18. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «мемлекеттік бағалы қағаздар» секторының айналымына Қазақстан Республикасы және басқа да мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар жіберіледі:

1) олардың есебі орталық депозитарий есебі жүйесінде жүзеге асырылады;

2) ресми тізімнің берілген санатына бағалы қағаздарды енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы мүшелерінің қайсыбірі аталған бағалы қағаздар бойынша оған маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініш беруі, ал олардың осы санатта болуы кезінде олар бойынша маркет-мейкердің болуы міндетті болып табылады. Осы талап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен шығарылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қолданылмайды.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының айналымына «В-» (Standard & Poor's және Fitch рейтингілік агенттіктердің классификациясы бойынша) немесе «В3» (Moody's рейтингілік агенттігінің классификациясы бойынша) төмен емес шетел валютасындағы егемен ұзақ мерзімді несиелік рейтингілік бағасы бар шетел мемлекеттері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары жіберіледі»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің «туынды бағалы қағаздар» секторына туынды бағалы қағаздарды енгізу және олардың сонда болу үшін аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитенті уәкілетті органмен келісуге жататын қор биржасының ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келеді.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қаржы орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізіміне эмитенттердің бағалы қағаздарын ықшамдалған рәсім бойынша енгізу үшін қойылатын талаптар:

1) бағалы қағаздар уәкілетті орган таныған қор биржаларының тізбесіне кіретін қор биржаларының ішіндегі біреуінің ресми тізіміне енгізілген;

2) эмитенттердің ақпаратты ашуы тиісті қор биржаларының ресми сайттарында және қор биржасы мен рұқсат беру бастамашысы немесе эмитент арасында жасалған ақпаратты ашу туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады;

3) бағалы қағаздарды ресми тізімге енгізу туралы мәселені қарастырғанға дейін қор биржасы

мүшелерінің бірі оған осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініш береді, ал олардың ресми тізімде болу кезінде олар бойынша маркет-мейкердің болуы міндетті;

4) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының елу бірінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

